Тарих қатпарларына көз салсаңыз, адамзат адамзат болғалы жер бетінен мыңдаған этнос пен тіл, мәдениет жоғалып кетіпті. Тарихшылардың дерегінше, кейінгі 500 жылда 5 мыңнан астам мәдени және этникалық топ құрып кеткен. Ал, мыңжылдықтарға үйлесіңіз, бұл сан, тіпті, 10 мыңға дейін жетеді. UNESCO-ның дерегінше, XXI ғасырда әр екі апта сайын бір тіл жоғалады. Жаһандық құрылым – шиден желімсіз, жіпсіз құрастырылған үй секілді. Артық қадам жасауға немесе берілуде болмайды. Жер жүзіндегі халықтар, ұлттар күн сайын өз ғұмыры үшін күреседі. Қайран қазақ жер тұрғанша тұру үшін ғасырлар бойы күресіп келеді. Бітпейтін қасиетті күрес. «Қарағай басын шортан шалған» күндер де болды. Бірақ, Алаштың баласы сынған жоқ. Есепсіз құрбандықпен елдігіне жетті. 25 қазанда жұрт болып, Республика күнін атап өткелі отырмыз. Біз үшін қастерлі күнге айналды. Осы Республика күнін әлемнің басқа да елдері де мемлекеттік деңгейде атап өтеді.

Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Республика күні – бұл жай ғана күнтізбелік дата емес. Әлем елдерінің көпшілігінде бұл күн жаңа мемлекеттік құрылымның пайда болуын, монархиядан бас тартуды немесе ұлттың даму жолын айқындайтын негіз қалаушы құжаттардың қабылдануын білдіреді. Әрбір елде бұл күн өз тарихи мағынасына және ерекше дәстүрлеріне ие.

Мәселен, Үндістанда Республика күні 26 қаңтарға бекітілген.

Үндістан егемендігін 1947 жылы алды. Дегенмен, Конституциясы 1950 жылы бір-ақ қабылданды. Сол жылы «республика» деп мойындалды. Тарих беттерін ақтарсаңыз, Үндістан да соры қалың жұрттың бірі. Британдықтардың колонизациясы, яғни, отарлауы 1757 жылдан басталады. Бұлар да елдікке жету үшін үздіксіз күрес жүргізіп, тәуелсіздігіне есепсіз құрбандықпен қол жеткізді. Үндістанда Республика күнінде Нью-Дели қаласында ауқымды әскери шеру ұйымдастырылады.



Қолжазба жасаған Арунғалым Қоңғарова

Түрлі мәдени іс-шаралар, карнавалдар өтеді. Аспанға түрлі-түсті бағырауықтар ұшырылады. Үндістан халқы бұл күнді асыға күтеді.

Ал, италиялықтар қандай да бір империяға тәуелді болып, тәуелсіздік үшін күрескен жоқ. Кешегі қуатты Рим империясының ұрпағы 1946 жылы жалпы халықтық референдумда монархиядан бас тартып, республика болды. Италия 2 маусымда Республика күнін атап өтеді. Римнің орталығында әскери шеру өтеді. Республика жолында құрбан болған тұлғалардың монументтеріне гүл шоқтарын қойып, зиярат етеді. Әуеге ұшақтарын көтеріп, аспанды тудың түсіне бояйды. Мемлекеттік

маңызы бар сарайлар мен мекемелер халық үшін есігін айқара ашады. Тәуелсіздігімізді алғаш болып мойындаған түрік ағайындар 29 қазанда атап өтеді. Бұл атаулы күн ұлттық қаһарман Ататүріктің есімімен тығыз байланысты. Осман империясының ұрпағы 1923 жылы империялық режимнен бас тартып,

өздерін республика ретінде жариялаған. Республика күнінде көшелерге жаппай Түркияның туымен бірге Ататүріктің суреттері де ілінеді. Халық мерекелік шеруге шығады.

Әте құрлықтағы Бразилияда 15 қарашада тойланады. 1889 жылы бразилиялықтар монархияны тамырымен құртып, өздерін жаһанға республика деп жариялайды. Олар да ел астанасында әскери шеру өткізеді. Бразилиялықтар бұл күнді тәуелсіздік мерекесі деп қабылдайды.

Жаңа ғасырда Республика күнін атап өту несімен маңызды? Цифрлық технологиялар мен жаһандық сын-кәтерлер дәуірінде Республика күні ұлттық бірегейліктің символы болып қала бермек. Бұл күні мемлекет болудың негізгі алғышарттары айшықталады.



өздерін республика ретінде жариялаған. Республика күнінде көшелерге жаппай Түркияның туымен бірге Ататүріктің суреттері де ілінеді. Халық мерекелік шеруге шығады.

Әте құрлықтағы Бразилияда 15 қарашада тойланады. 1889 жылы бразилиялықтар монархияны тамырымен құртып, өздерін жаһанға республика деп жариялайды. Олар да ел астанасында әскери шеру өткізеді. Бразилиялықтар бұл күнді тәуелсіздік мерекесі деп қабылдайды.

Жаңа ғасырда Республика күнін атап өту несімен маңызды? Цифрлық технологиялар мен жаһандық сын-кәтерлер дәуірінде Республика күні ұлттық бірегейліктің символы болып қала бермек. Бұл күні мемлекет болудың негізгі алғышарттары айшықталады.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

БАСПАСӨЗ-2026

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылға жазылу басталды. Газетке жазылу «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Ермеков көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдей аласыздар

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	14 500	6 ай 13 770,14	10 141,30
		12 ай 27 540,28	20 282,60
Жеке жазылулар үшін	6 000	6 ай 6 141,30	5 891,30
		12 ай 12 282,60	11 782,60

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнысыз) балама жазылу жүргізіледі.

Жеңілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)

Санаттар	Жеткізусіз (теңге) 12 айға	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	10 500	23 540,28	15 782,60
		4 800	11 082,600
Жеке жазылулар үшін	4 800	11 082,600	10 682,60

Анықтама телефоны: 41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.

E-mail: otdel.pochtovyy@bk.ru



Каспи QR арқылы жазылуға болады

• СЕМИНАР

Ғылым тілі қазақшалана ма?

Облыста қазақ тілін ғылым мен білім тілі ретінде дамытуға арналған ерекше форматта TED стиліндегі «Ойталқы» республикалық семинары өтті. Бұл семинар ел көлеміндегі тіл саясатын ілгерілету, ғылыми ой мен заманауи әдістерді тоғыстыру алаңына айналды.

Салтанат ІШИЯШ, «Ortalıq Qazaqstan»

Семинар жұмысына еліміздің жетекші ғалымдары, тіл саясаты мамандары, мемлекеттік органдардың өкілдері, жоғары оқу орындары мен IT мамандары, сондай-ақ, оқу орталықтарының басшылары қатысты.

Семинар ашылуында облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей сөз сөйлеп, қазақ тілін ғылыми және білім беру кеңістігінде жүйелі түрде дамыту – ұлттық идеологияның өзегі екенін атап өтті.

Семинар барысында Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Тіл саясаты комитетінің төрағасы Ербол Тілепов «Ғылым тілінің әдіснамасын қалыптастыру» тақырыбында баяндама жасады. Ол ғылым саласында қазақ тілінің әлеуетін арттыру үшін терминологиялық жүйені жетілдіру және жаңа ғылыми стиль қалыптастыру қажеттігін айтты.

Қарағанды медицина университетінің профессоры Хабира Әбдіқадырова «Қазақ тіліндегі медициналық терминологияның дамуы: мәселелері мен болашағы» тақырыбындағы баяндамасында кәсіби медицинадағы қазақша баламаларды біріздендірудің маңызын атап өтті.

Ал, «Тіл – Қазына» ұлттық ғылыми-прак-



тикалық орталығының сарапшысы Талғат Бектұр «Қазақ тілін дамытудағы жасанды интеллекттің қолданылуы» тақырыбында сөз сөйлеп, нейрожелілер мен тілдік модельдер арқылы қазақ тілі деректерін өңдеу, автоматты аударма және сөз тану жүйелерін дамыту бағыттарын таныстырды. TED форматындағы «Ойталқы» семинары дәстүрлі баяндамалардан өзгеше ұйымдастырылып, қатысушыларға өз көзқарасын еркін білдіруге мүмкіндік берді. Панельдік сессиялар мен пікірталастарда мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, оны ғылым мен білім және цифрлық технология саласына интеграциялау мәселелері кеңінен талқыланды.

Қатысушылар өз тәжірибелерін бөлісіп, жаңа идеялар ұсынып, мемлекеттік тілдің заманауи даму бағыттары жөнінде нақты ұсыныстар айтты. Семинар соңында мемлекеттік тілді дамытуға ерекше үлес қосқан ғалымдар мен қатысушыларға Ғылым және жоғары білім министрлігінің ведомстволық наградалары және Қарағанды облысы әкімінің Алғыс хаты табыс етілді. Бұл басқосу кәсіби пікір алмасу мен өзара ынтымақтастық алаңы ретінде қазақ тілін ғылым мен білімнің басты тіліне айналдыру жолындағы жаңа серпін болды.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

Құқық пен әділет жолында

Қоғамда әділдік пен заң үстемдігін орнату – өркениетті мемлекеттің басты міндеті. Ал, осы жолда азаматтардың құқығы толық сақталып, тергеу кезеңінде де олардың заңды мүдделерін құрметтеу – нағыз құқықтық мемлекеттің өлшемі. Облыс аумағында жаңа бастама осы ұстанымдарды нақты іске асырып отыр.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalıq Qazaqstan»

Облыстың тергеу изоляторларында азаматтардың құқығын қорғауға бағытталған жаңа кабинеттер ашылып, құқық қорғау саласына жаңалықтар енгізілуде. Мәселен, ҚР ІІМ Қылмыстық-атқару жүйесі комитетінің №61 мекемесінде іске қосылған арнайы жабдықталған бөлмелер тергеушілер мен сот өкілдерінің жұмыс істеуіне, құдіктілердің адвокаттары һәм туыстарымен кездесуіне қолайлы жағдай жасап отыр.

Мұнда облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей, прокуратура, полиция және облыстық адвокаттар алқасының өкілдері арнайы келіп, жасалған жағдайдың заң талаптары

мен халықаралық стандарттарға толық сай екеніне көз жеткізді.

Басты мақсатымыз – тергеу амалдары жүргізілетін орындарда құдіктілерге барынша қолайлы әрі қауіпсіз жағдай жасау. Бұл – құқық қорғау жүйесіндегі әділеттілікті қамтамасыз етудің маңызды бөлігі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды үнемі назарда ұстап келеді. Біз бүгін соның нақты бір мысалын көріп отырмыз. Бұл жерде тергеу әрекеттерімен қатар, адам тағдыры шешілетін күрделі кезең өтеді. Сондықтан, мұнда жасалған жағдайды азаматтың құқығына көрсетілген құрмет деп қабылдауымыз керек, – деді Әлібек Үсенұлы.

Сонымен қатар, мұнда адвокаттар мен тергеушілерге арналған

8 кабинет, сот приставтарына арналған 7 арнайы бөлме бар. Бұдан бөлек, кеңейтілген күту залына теледидар орнатылып, келушілердің уақытын тиімді өткізуіне мүмкіндік жасалған. Жеке заттар сөрелері мен ұялы телефондарға ыңғайланған жеке кілтті ұшықтар да қарастырылып.

Облыстық адвокаттар алқасының төрағасы Оқас Әбікенов бұл өзгерісті құқықтық реформа жолындағы нақты қадам деп санайды.

Адвокат ретінде тергеу изоляторында қандай қиындықтар біз білеміз. Бұрын біз бірнеше сағаттан кезек күтіп, қорғауымыздағы адаммен аз уақыт қана тілдесетінбіз. Бұл жағдай, әсіресе, нақты құқықтық көмек көрсетуге кедергі келтіретін. Енді, міне, жаңа кабинеттердің ашылуымен барлық мәселе жүйелі түрде шешіле бастады. Мұнда қауіпсіздік жоғары деңгейде қамтамасыз етілген, сөйлесу бөлмелері телефон байланысы арқылы жабдықталған. Яғни, адвокат пен қорғалушы арасында



тікелей байланыс болмайды. Бұл – халықаралық стандарттарға сай жүйе. Адвокаттар енді алдын ала жазылып, нақты уақытта өз жұмысына кірісе алады. Қорғаушы тарап үшін ғана емес, жалпы әділ сот процесінің сапасын арттыру үшін де үлкен жетістік, – деді ол.

Оқас Әбікенов сондай-ақ, бұл бастаманың басқа өңірлерге үлгі болуы қажет екенін де баса айтты.

Біз құқықтық мемлекет құрамыз десек, осындай нақты әрі шынайы істерге сүйенуіміз керек. Бұл – азаматтардың құқығын мойындаудың, оларға сенім артудың белгісі. Әсіресе, тергеу кезеңінде адам тағдыры шешіледі. Осы кезеңде адвокатқа қол жеткізу – оның негізгі құқығы. Мемлекет осы құқықты толық сақталуына кепілдік беріп отыр. Құптарлық әрі құнды қадам.

• ЖАСТАР САЯСАТЫ

Жігерлінің жеңісі көп

Қала іргесіндегі «Baiterek resort» орталығында жастардың ойы мен рухын серпілткен «Next Урпақ» атты көшпелі лагерь ұйымдастырылды. Облыс әкімдігінің қолдауымен және Жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқарманың бастамасымен өткен жобаға аймағымыздың әр тарапынан келген 100-ге жуық белсенді жас қатысты.

Мағжан ҚУДАЙБЕРГЕН, «Ortalıq Qazaqstan»

Жобаның басты мақсаты – NEET санатындағы, яғни, оқу мен жұмыс жүйесінен тыс қалған жастарды қоғам өміріне бейімдеу, олардың әлеуетін арттырып, жаңа мүмкіндіктерге жол ашу. Лагерь барысында қатысушылар кәсіби бағыт алу, көшбасшылық қасиетті дамыту, қаржылық сауаттылық сынды бағыттарда тәжірибе жинады.

Біз биыл жастармен жұмыс жүргізудің жаңа тәсілін енгіздік. Бес күн бойы қатысушылар арнайы коуч-тренерлер мен кәсіпкер мамандардан дәріс алды. Енді алты ай көлемінде олардың өміріндегі өзгерістерді бақылап, нақты нәтижеге көз жеткіземіз. Егер олардың ішінен оншақтысы өз өмірін жақсы арнаға бұра алса, бұл – үлкен жетістік, – дейді облыстық жастар саясаты мәселелері жөніндегі басқармасының басшысы Айсулу Ернұржанова.

Бес күнге созылған бағдарлама мазмұны жастардың қызығушылығы мен өмірлік бағытын айқындауға бағытталды. Алғашқы күні қатысушылар ұйымдастырушылармен танысып, концерттік бағдарлама тамашалады. Келесі

күндері коуч Болат Берсебаевтың «Сәттіліктің сыры» атты тренингі мен Аслан Кабегеновтің жобалық басқару және командалық жұмыс бойынша шеберлік сабағы өтті.

Сонымен қатар, психолог Рузалия Нұрмиева жастармен психологиялық практикум өткізіп, эмоциялық тұрақтылық пен өз орнында табу жолдары туралы айтты. Ал, Ардана Мырзанова волонтерлердің қызметі мен қоғамға пайдалы болудың маңызын түсіндірді.

Осындай лагерь арқылы дамудың жан-жақты қырын меңгере бастадым. Тапқан жаңа достарым, қалыптастырған жаңа көзқарасым мені биік белестерге жетелейді деп үміттенемін, – дейді лагерь қатысушысы Нұрдана Ибрагимова.

Лагерьдің соңғы күнінде спорттық және шығармашылық сайыстар ұйымдастырылып, жеңімпаздар жүлдеге қол жеткізді. Жоба соңында барлық қатысушыға арнайы сертификат пен Алғыс хат табысталды. Табиғат аясында бес күндік «Next Урпақ» лагерьі жастардың өз күшіне сеніп, қоғам өміріне белсенді араласуына тың серпін берері сөзсіз.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ



• БРИФИНГ

Ең тиімді инвестиция

Қарағанды облысында білім беру саласын дамытуға баса көңіл бөлінді. Жыл сайын балалардың саналы білім алып, саналы тәрбиеленуіне облыс әкімдігі өңір бюджетінің жартысына жуығын, яғни, бюджеттің 48%-ын жұмсайды. Ал, білім беру саласының даму қарқыны қалай? Қандай жобалар жүзеге асуда? Нендей өзгерістер бар? Бұл туралы Өңірлік коммуникациялар алаңында өткен брифингте облыстың білім басқармасының басшысы Дулат Жекебаев егжей-тегжейлі баяндады.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalıq Qazaqstan»

Білім саласының негізгі бағыттары бойынша даму көрсеткіштері қалыпта. Брифингте биылғы оқу жылындағы жаңа өзгерістер жайлы сөз қозғалып, өңірдің білім беру саласындағы негізгі жетістіктері мен өзекті мәселелері айтылды. Мәселен, балаларды балабақшалармен қамту және оны көбейту мәселесі өзекті. Өңірде жыл басынан бері 5 балабақша ашылып, 967 орынға көбейген. Жыл соңына дейін тағы 1025 жаңа орын ашу көзделген. Биыл облыстың мектепке дейінгі ұйымдарында ваучерлік қаржыландыру енгізілді. 120 балабақша ваучерлік қаржыландыруға көшіп, 17 мыңнан астам баланы қамтыды. Балабақшаға бармаған балалардың дамуы үшін «SabiDamu» ақпараттық платформасы енгізілген болатын. Қазіргі таңда платформаға 207 пайдаланушы тіркелген.

Облыста 171 мыңнан аса оқушы білім алуда. Олардың саналы білім алуы үшін мектеп кабинеттері жанартылып, материал-

дық-техникалық базасы нығаюда және жаңа білім ошақтары ашылууда. Мәселен, биылғы оқу жылында 3 мектеп бой көтерді, оның екеуі «Келешек мектептері» жобасы аясында Қарағанды және Балқаш қалаларында, сондай-ақ, Қарқаралы ауданының Талды ауылында апатты мектеп орнына 200 орындық мектеп ашылды. Сонымен қатар, Шет ауданының Жарық ауылында 300 орындық мектеп ашу жоспарлануда. «Келешек мектептері» жобасы аясында 5 мектептің құрылысы жалғасып жатыр.

Әлеуметтік осал топтағы балаларға қолдау көрсету жүйелі жолға қойылған. Басқарма басшысы Дулат Жекебаевтың айтуынша, балаларға ыстық тамақ беру, мектепке жеткізу қызметтері және мектеп формасы мен құрал-жабдықтармен қамту қызметтері Жалпы білім қоры есебінен жүзеге асуда. Биыл 66 мың бастауыш сынып оқушыларына, 5-11 сыныптардағы бес мыңға жуық оқушы әлеуметтік осал санаттағы балаларға арналған қаражат есебінен ыстық тамақ беріледі.

Мамандық тандау жұмысы



жаңа мазмұнмен жүзеге асуда. Қазіргі таңда мектептерде медицина, педагогика, экология, IT және құқықтық «Жас сақшы» жобасы бойынша 200-ден астам профильдік сынып жұмыс істейді. Жаңа оқу жылынан бастап, тағы 126 сынып ашу жоспарланған. Сонымен қоса, мектеп оқушыларына мамандық тандауға көмек беретін «Профи-вэй» цифрлық платформасы іске қосылады.

Өңірде мүмкіндігі шектеулі 20 мыңнан аса бала бар. Қазіргі уақытта ерекше балалардың 85%-ы арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау және ерте түзету қызметтерімен қамтылған. Осы бағытта арнайы білім беру ұйымдарын көптеп ашу жұмысы жолға қойылды. Мысалы, жыл

соңына дейін Бұқар жырау ауданында жаңа психологиялық-педагогикалық түзету кабинетін ашу жоспарда бар.

Ақыл-ой кемістігі бар балалар жыл санап артып барады. Биыл 2884 балаға жетті. Осыған байланысты Қарағанды қаласындағы №4 мектеп-интернатында жеңіл және орташа ақыл-ой кемістігі бар балаларға арналған 2 арнайы сынып және №1 арнайы мектеп-интернатында 3 сынып ашылды.

Биылдан бастап, өңірдегі барлық арнайы мектеп-интернаттарына ресурстарлығы мәртебесі берілді. Қазіргі таңда 12 инклюзивті оқушы қолдау ресурстық орталықтары жұмыс істейді.

Өңірдегі балалардың қосымша білім алуында мемлекет қаржысы-

ның тиімді жұмсалыуындағы ашық пен әділдікті талап ететін пилоттық жоба енгізілді. Ол «Бір ваучер – бір бала» қағидаты негізінде жүзеге асады. Сонымен қоса, балалардың интеллектуалдық, шығармашылық және физикалық әлеуетін дамытуға бағытталған жобалар өз жалғасын табууда. Алғашқыда 5 мектепті қамтыған «Шахмат білім беру» жобасы қазір 69 мектепке дейін жетті. Экологиялық мәдениетті қалыптастыруға бағытталған «Жасыл мектеп» жобасы №12, №33 мектептер және Абай атындағы гимназияға енгізілген.

Балалардың құқықтарын қорғау мәселесіне келсек, бүгінде 64 маман 317 мың балаға қолдау көрсетуде. – 2025 жылдан бастап, жаңа ережеге сай ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар кәсіби қамқоршылық отбасыларға жіберіледі. Облыста тағы 3 кәсіби қамқоршылық отбасын ашу жоспарлануда, – деді Дулат Жекебаев.

Өңірде қазіргі уақытта техникалық және кәсіптік білім беретін колледждерге 9 300 студент қабылданған. Биыл да техникалық мамандықтарға басымдық берілді. Ал, дуальды оқыту жүйесінде 38 колледж бен 300 кәсіпорын тығыз қарым-қатынаста. 18 колледж 1,5 мың студентті қамтитын мақсатты даярлау жүйесіне қатысады. Кәсіпорындар маман даярлау үшін оқу орындарына тікелей тапсырыс береді. Негізгі серіктестер катарында «Qaz Techna», «Qarmet» және «Қазақстан Теміржолы» (КТЖ) бар.

Кәсіби білім беру орталықтары халықаралық стандарттарға сәйкестендіру жұмыстары жүргізілуде. Қазіргі кезде 5 колледж халықаралық аккредитация алды. Олар Қарағанды жоғары политехникалық колледжі, Қарағанды техникалық-құрылыс колледжі, Теміртау жоғары политехникалық колледжі, Шахтинск технологиялық колледжі және Қарағанды банктік колледжі, – деді Дулат Жекебаев.

Сонымен қатар, өңірлік колледждер Қытай, Германия, Түркия, Финляндия және басқа елдердің білім беру ұйымдарымен тәжірибе алмасуда.


Өңірде мұғалімдердің кәсіби дамуына жағдай жасалуда және ұстаз мәртебесін көтеру, біліктілігін жүйелі түрде жетілдіру басты назарда. «Білім берудегі өзгерістердің 1000 көшбасшысы» жобасына соңғы екі жылда 10 педагог іріктеуден өтіп, басшылық лауазымдарға тағайындалды. Биыл 12 үміткер кәсіби аттестациядан өтуде.

Білім басқармасы басшысының айтуынша, директорлардың кадр резервін қалыптастыруға бағытталған «Болашақ басшы» жобасы қолға алынды. Жобада білім берудің барлық деңгейіне арналған «Аймақтық білімдегі көшбасшылық: инновациялар және жасанды интеллект» модульдік оқу бағдарламасы әзірленген.

Ақын, журналист Мүсіркеп Сейдахмет – 70 жаста

Жоқшының жортуылы

Қасиетті де киелі Ақтоғай топырағы ұлттық сөз өнері мен тарихына айтулы тұлғаларды бергенімен мақтана алатыны анық. Тоқырауын арнасында жатқан жалпақ елде ғасырлар бойы қалыптасқан билік-шешендік және ақындық өнер дәстүр жалғастығының заңдылығына сай әдеби шеберлік мектебін қалыптастырды. Сол мектептен тәлім-тәрбие алып, өнерпаз тұлға ретінде шыңдалып шыққан ақын-жазушыларды санамалап жату артық. Ақтоғайда осы ақындық мектеп шаңырағының енесін биіктете түссем деген мақсатпен белді уық болып қадалған бір ақын бар. Ол – Қазақстан Жазушылар және Журналистер одақтарының мүшесі, Қазақстанның Құрметті журналисі, «Ерен еңбегі үшін» медалі мен Қарағанды облысы әкімінің «Алтын сұңқар» сыйлығының иегері, танымал журналист, айтулы ақын Мүсіркеп Сейдахмет. Тәуелсіздік алғаннан бергі қазақ поэзиясында өзіндік үнімен, ақындық қуатымен танылып жүрген ақын шығармашылығы әдеби ортаға кеңінен танымал.



Қазақ деген ұлыстың мұңлығым,
Жабылған санасын, сұмдық ұғым.
Мен бір бейбақ жоқшымын, зар еңірем,
Ізеп жүрген халқымын құндылығын.

М.СЕЙДАХМЕТ

Оқырман жұртшылықтың басым көпшілігі оны қаламы жүйрік журналист, публицист ретінде танып-білсе де, сол ортадағы өлең өнеріне көзі қарактылары республикалық, аймақтық мерзімді баспасөзде жиі жарияланып жүретін ой мен сезімге толы жырларын қалт жібермей қадағалай отырып. Әдеби ортада ақын ретінде таныла бастаған уақытында жырларының жауһарларын жинақтап, «Қанатқакты» атты өлеңдер жинағын ұсынды. Халық атты қарапайым сыншының қошеметіне бөленді. Ал бұл ұлы сыншының ешқандай таным-таныстық пен «жалпақ-шешейлікке» бас иемейтін белгілі жайт. Қасым ақын айтқандай: «Уа, тәкаппар дүние, маған да бір қарашы» деген оймен келді де, ең бастысы ол өзін өз қатарына мойындатты. Қазіргі әдеби қауымда ақындарды «Бардың ақыны ма, Ардың ақыны ма?» деген әзілмен бөледі. Онысы «атақ үшін биліктің сөзін сөйлейтін ақын ба, жоқ халықтың сөзін сөйлейтін арлы ақын ба?» дегені. Ақынның дейтін жан үшін жеке басқа тән сезім сергелденінен гөрі, әдебиеттанушылық тұрғыдан алғанда ел мен жер тағдырынан асатын артық тақырып жоқ. Мүсіркеп ақын поэзия әлеміне осылайша келген болатын.

Төлеген Айбергенов:
Қалып ең жанға жақын боп,
Жүрекке бүгін сыздау көп.
Мен кеттім бірақ ақын боп,
Азырақ бақытсыздыа боп, – десе,
Мүсіркеп Сейдахмет ақын:
Безініп тірлік кенептен,
Жаным қойған мұң артып.
Ақын боп кеттім кенеттен,

Өмірге өзге құмартып, – деп жырлайды.

Өлең атты қасиетті өнерге үлкен талап-талғаммен қарайтын ақынның «Аһ, Дарига», «Ақжарма» атты екі бірдей жыр жинағы жарыққа шығып, оқырман қауымға шыншылдығымен, сыршылдығымен ұнады... «Е-е, бәсе» дестік те:

Тұмса бір буын от-өнер,
Кеш ауды, жырға құмарым.
Бабында тұрса көтерер,
Бағымды өлең пырағым.
...Жырымның жауһар бұрымын
Тарқаттым дарқан далама, – деп ағынан жарыла сыр шерткен өлең-өрімдерін құмарта оқыдық. «Бәрекелді!» деп тұшымды жырларға сусындадық. Тамсантатын да, тайсалтатын да туындылар бар екеніне ден қойдық.

«Көженің қоюын – қою, сұйығын – сұйық» деп айтар болсақ, Мүсіркеп Сейдахметтің осы екі жыр жинағын оқып шыққан соң сізді белгісіз бір мұң билейді. Ол – қазақ поэзиясында Қасым-тағдыр, Мұқағали-мүмнен бірге өріліп келе жатқан мәңгілік желідегі адам, қоғам, заман туралы тебіреніс. Мына өткініші дүниеге сен де ақын көзімен қарағың, талант тағдырымен бағалағың келеді. Ақынның «Қасым-жыр» атты өлеңіндегі лирикалық кейіпкер:

Мінездердің мәрттігін майдалаған,
Бола алмадым тисқаққан айлауы адам.

Аңқылдағын жүрепкең ашық-шашық,
Өзіме де белгісіз қайда барам... – десе,
оның басты себебін «Түрме-тірлік» жыр-ында:

Торуылдап төңіректі жендет-мұң,
Өтіп жатыр еңіретіп кермек күн.
Шыға алмай «тірлік» деген түрмеден,
Шайыр-ойды шырылдаған шерлі еттім, – деп нақтылайды. Ақынның осы сипаттағы өлеңдеріндегі негізгі сарын Ұлы Абайдың «Ойлы адамға қызық жоқ, бұл жалғанда» деген шерлі толғанысымен, Мағжан ақынның «Сұм өмір абақты ғой саналыға» деген ойымен астаса келіп, Мұқағалидың «Өмір дегенің бір күндік сөз» екендігіне сабақтасып жатыр. Оған «Аһ, Дарига» жыр жинағының «Қара орман қабырғалы жұрт едім», «Тірліктен түрлі ой түйдім» аталатын бөлімдеріндегі кез келген өлеңі дәлел бола алады.

«Өнер – тек қана өнер үшін» қағидасымен қараған уақытта, ақын мен қоғам екеуі екі бөлек әлем екені байқалатыны – дәлелдеуді қажет етпейтін аксиома. Осы тұрғыдан қарағанда, өз заманына тек сыншыл көзбен қарай алған ақынның рухы асқақ, зердесі зерек. Мүсіркеп Сейдахметтің қай өлеңін оқысаң да, жүрекке жақын тиіп, жырлап отырған тақырыбы туралы дәл де тайсалмай тура айта алғанына тәнті боласыз. Не туралы жырласа да жеке адам көңіл күйі мен қоғамның көкейтесті мәселелері бір арнада ұштасып

жатқан азаматтық пафоспен ерекшеленеді. Мұның сыры ақын жырларының қарапайым нәрседен көркем ой түйе білетін шынайылығында жатыр. Мысалы, «Жаланаң дүние» деген өлеңіндегі:

Ойлаған пайда, қара бас қамды,
Құтырды сезім, сана мастанды.
Нәпсінің құлы сайтанға еріп,
Дүние түгел жалаңаштанды, – деп жазса, бүгінгі нарықтық замандағы жұрттың сана болмысының тұрпайылыққа бейімделіп бара жатқанынан жырлап отыр.

Ақын заман үшін өзекті деп саналып жүрген жадағай тақырып атауыдан бойын аулақ салады. Ғалым-сыншылар Оралхан Бөкейдің прозалық шығармаларының өзінде публицистикалық стильдің менмұдалап тұратынын, кейде басым түсіп жататындығын айтқан болатын. Мамандығы журналист болғанымен, ақын лирикасында публицистикалық стильдің ықпалы мүлде байқалмайды. Бұл – Мүсіркеп Сейдахмет талантының өзіндік тамаша ерекшелігі. Ал бұл дегеніңіз – өлең-өнерге үлкен жауапкершілікпен, талап-талғаммен қарау деген сөз. Отаншылдық патриотизм «Отан, мен сені сүйемін» деп құр айғайлай беруден көрінбесе керек. Қайта сол Отанның көркеуі мен гүлденуіне кері әсер етіп жатқан әлеуметтік мәселелерді ашық айта отырып, ойланып-толғануға жетелейді. Бұл өте дұрыс, себебі әдебиеттің жеке өнер саласы ретіндегі эстетикалық мұраты – адам тәрбиелеу болып табылатын болса, ақынның «Түркі тарих», «Тірліктен түңілу», «Бассыз қазақ», «Болмыс» секілді өлеңдерін мысалға алуға болады. Ауған соғысының ардагерлеріне арналған «Елес» поэмасы өзінің сюжеттік-композициялық құрылымымен ерекшеленеді. Көркем образды тартыс үстінде сомдаймын деп ұзақсонарға түсіп алып соза беретін жатанды жолға айналған үлгіден ақын саналы түрде бой тартқан. Шағын бөлімдерге бөле отырып, «әлкиса» мен «шегіністер арқылы» лирикалық кейіпкердің болмыс-бітімін монолог сипатындағы «тізгін, белдеу, байлау сөздері» арқылы ашушы шығармашылық жаңашыл ізденістер сипатын танытады.

Адамзат қоғамының тарихында сол дәуірдегі заманға дер кезінде үкім айтып, бағасын бере алатын тек ақындар ғана. Ал қазіргі қазақ қоғамына қандай ақындар керек?! Жалған сөйлемейтін, идея қуып қиялданып кетпейтін, салмақты да сыршыл ақындар қажет. Қазіргі ұлттық сананы жаулап әкетіп бара жатқан тоғышарлық (мещанство) пен барша ел болып күресіп жатқан сыбайлас жемқорлыққа ақын шығарған үкім-жазаны Мүсіркеп ақынның «Елім аман», «Кері ағар дүние-ай», «Рух түлету», «Батыраштың балтасы» сияқты жырларынан анық таныр едік. Жоғарыдағы және осы жырларға кеңінен әдеби теориялық талдау жасауға мақала көлемінің көтермейтіні өкінішті болып тұр.

Ақын жалған пәлсапаға салынып ақыл айтудан аулақ, қасиетті қара өлеңмен адам жанының жұмбақ әлемдерін қарапайым

шындық арқылы жырлайды. Кезінде Төлеген Айбергенов «Сағыныш» атты топтама өлеңдерімен биік деңгейге жеткізген циклді жырлар жазудың жаңаша бір ізденісін де осы жинақтардан оқып қуандық. Ақынның «Сипаты» оның «Мөлтек әлеміне» жалғасып, «Тағдырнамасында» «Арпалысқа» түсіп, ақыры «Мойынсынуға» барады да, соңында бұл қалай деп «Таңданыста» қалып, «Вот, солай» деп қорытады. Бұлар – адам-пенденің өмір өткелдеріндегі ғұмырнамалық айнасы.

Мүсіркеп Сейдахметтің «Жадымдағы жалқы жазбалар» және осы мерейтойы қарсаңында жарық көріп отырған «Жоқшы» атты жыр жинақтары қазіргі қазақ лирикасының көркемдік көкжиегіне өзіндік үлес болып қосылды деуге болады. Олар автордың мына қым-қуат заман мен өткініші өмірді ақын көзімен сезініп қана қоймай, түйсіне зерттеп-зерделеп жазатын шайыр екеніне көз жеткізеді. Ғалым Сент-Дьерди: «Зерттеу дегеніміз – бәрі көрген нәрсені сенің де көруің, бірақ ол туралы ешкім ойламағандай ойлау», – деген болса, ақын адамзат қоғамының барша жұрт білетін көп қатпарлы құпиялары мен құбылыстарын басқа «ешкім ойламайтындай ойлау» жаза алғанына куә боласыз. Ақын халықтық дәстүр мен заманауи ойды тоғыстыра отырып, оқырманды тәуелсіздік, ар-ұят, намыс пен адалдық секілді құндылықтарға жетелейді. «Жоқшы» қазақтың жоғары топтап, барын бағалауға үндейтін сыршыл туындылардан тұрады.

Жанрлық тұрғыдан алғанда бұл жыр жинақтарының мазмұнын өлең, жыр, арнау өлең, баллада, бір тақырыпқа арналған циклді жырлар құрайды. Өлең оқымаса өзегі талатын оқырман саяси-әлеуметтік, табиғат, махаббат лирикасынан жауһар жырларды жаны сүйсіне оқиды. Бір ғана туған жер, ауыл тақырыбындағы өлеңдерінің өзі-ақ қалада тұрып, түсінде ауылын көретін адамға «Елге барам» жыр-ындағы мұңды сезімді тудырағы анық.

«Жоқшы» жыр жинағы алғашқы өлеңінде «Мен – һас сақпын, қазақпын» деп тарих сахнасына енген лирикалық кейіпкер, «Төрезем тең бәрімен» деп шаттанса да «Оян, қазақ рухы» деп, «Жоқшы» болып намысқа жетелейді. Ол «Көксеуде»:

«Құлы болған нәпсінің,
қанағатсыз, тойымсыз,
Пенделіктің кебінің, шешіп кеткім келеді», – деп толғанса, қазіргі қазақ тұрмысының «Авгейдің қорасын» көріп, «Шындықтан жеңілді» деп мойындайды. Осы аталған жырлардың өзінде-ақ өмір шындығының айнасы жарқырап тұр. Саликалы да салмақты жыр жинақтарымен жетпіс жасқа толған мерейтой інесінен жаңа да жарқын жырлар күтеміз.

Жандос СМАҒҰЛ,
Филология ғылымдарының
докторы, профессор

Қаламға адал, сертке берік қаламгер

Қазақ сөзге тоқтаған, шешенге тағзым еткен, данаға ұйыған халық. Ал, дана сөздің қайнар көзі – ой. Ойдың нәрі – жүректен, жүректің сәулесі – ұлттың рухынан тарайды. Сондай тұмадан сусындаған бір қаламгер бар. Ол Қазақстан Жазушылар одағы мен Журналистер одағының мүшесі, «Қазақстанның Құрметті журналисі» ақын ағамыз Мүсіркеп Сейдахмет. Тектінің тұяғы Торғай топырағынан нәр алып, Ұлытаудың бөктерінде, самал желмен сырласып, өлең өріп өскен азамат қазақтың жаны мен даласын қатар таныды. Ұлытаудың көк жүзіне телміре қарап, көкірегіне кен дүние сыйдырды. Сөз сүйген, ой қуған жаратылысы оның тағдырын да, таңдауын да алдын ала айқындап қойғандай.

Нұрдіос КӘРІМ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Ақын ағамыз Мүсіркеп Әліжанұлы мен алғаш мектеп оқушысы кезімде таныдым. Ол кезде Ақтоғай өңіріндегі әр үйдің төрінде газет жататын. Сол газеттің бетінде «Тоқырауын тынысы» деп жазылып тұратын. Газет нөмірінде Мүсіркеп ағаның шымыр шумақтары, өткір ойлы макалалары жиі жарық көретін. Өлеңдерінен ауылдың иісі аңқып, даланың демі сезілетін. Сол жырлардан биік ойдың, терең сезімнің, шындықтың лебі есіп тұратын. Сол кезде-ақ менің бала жүрегімде: «Осындай адаммен бір күн жолықсам ғой» деген арман ұялады. Кейін арманым орындалды. Журналистикада оқып жүрген студент кезімде дәл сол «Тоқырауын тынысы» газетіне тәжірибеден өтіп, Мүсіркеп ағамен етене араласып кеттім. Енді бұрын сырттай сүйсінетін адаммен бетпе-бет отырып, сөз саптасынан, ой жүйесінен, қалам тарту тәсілінен тағалым алуға мүмкіндік туды. Екеуміздің аразында өлең жайлы айтылар ой таусылмайтын. Мүсіркеп аға поэзияны биік тұғырға қояды. Ол үшін өлең – көңілдің көзі. Ол ақынды ішкі әлемімен бағалайтын. Жас

болсам да, сөзіме, өлеңіме құрметпен қарап, ақылдан айтатын. Журналистиканың қыр-сырын, этикасын, әділдігін де сол кісіден үйрендім. Өйткені, нағыз ұстаз – сабақты тек аудиторияда емес, өмірмен үйрететін адам. Ал, Мүсіркеп аға – дәл сондай тұлға.

Халқымыз «Тектілік – қанмен келеді, кісілік – жанмен келеді» дейді. Мүсіркеп ағаның бойындағы сырлы сөз бен кестелі ой атасы Сейдахметтен дарыған. Атасы – ел аузына ілінген, сөзге шешен, сөзге төрелік айтқан, суырыпсалма ақын болған екен. Демек, бұл – бабадан жеткен аманат, қанға сіңген қасиет. Бірақ, қаннан дарыған қабілеттен гөрі оны ұштап, ұлықтау – нағыз өнер. Мүсіркеп ағамыз талантына тоқмейілісіп қарап, тыным тапқан жоқ. Ой өрнектеген қаламгерге айналды. Өйткені, хас талант – жағдай талғамайды.

Ақынның өлеңдері – даладай дархан, Аркадай асқақ. Табиғатты тірі организмдей сөйлетіп, жан бітіріп жібереді. Оның өлеңінде әр жылғыл, әр бұтаның өз үні бар, өз мұңы, өз үміті бар:

«Жаздың жүзі жайдары жылдағыдан,
Жылдағыдан жүгірген жылға жылдам.
Жасарыпты жыңғыл да желек жайып,
Жапырағын жоқтамай жылдар жұлған...»



Мұндай поэзия тек өлеңге ғашық жүректен туады. Ақынның жыры – сағыныштың сазы, туған жердің тынысы. Оның әр тармағында қазақ даласының иісі аңқып тұрады. Қазақтың жаны даласында десек, мына бір өлеңі соның дәлелідей:

«Сәукеле, Қосшоқы мен Қира, Айдай,
Қатарлап қызға жиһаз жинағандай.
Созылып Арқарлымен қанаттасып,
Үшайыр шіренеді бұйра маңдай...», – деп толғанады. Осы туындысын 2011 жылы сазгер, ақын Қуандық Сәденов ағамыз сазын қосып, оның жырын әнге айналдырды. Сөйтіп, жыр жампозының өлеңі аспанмен астасты, дала желімен ән болып есіп, ел жүрегіне жетті. Ақын ағамыздың Жамшы кенешарында шопан болғанын көпшілік біле бермес. Әнге айналған өлеңі осы кезеңде жазылса керек. Кекейіндегі көп сауалға жауапты табиғаттан, халықтан, өзінен іздеді. Міне, шын талант деген – осы. «Енесін қасқыр жеген жабағдай...» – деген бір ғана теңеудің өзінде қаншама қайғы, ашыну, ашықтық, әлеуметтік шындық жатыр.

Мүсіркеп ағамыздың қаламы тек өлеңге ғана емес, шынайы өмірге де серік болды. «Арқа еңбеккері» газетінде тілшіден бастап, редактор болды. Облыстық «Орталық Қазақстан» газетінде елдің шетінде жүріп, ортасына ой тастап, Ақтоғай мен Шет аудандарының үнін жеткізді. Ойлы тілші, адал сөздің абызы. Журналистік жолы да, ақындық арнасы да елге қызмет етуге арналды. Ардақты аға тағдырмен тайталасып, талантпен жол ашқан тұлға. Қара өлеңнің қасиетін кие тұтқан, шындық пен шеберлікті серік еткен шын қаламгер. Әдебиет пен журналистиканың төрінде өзіндік ізі бар, туған топырақтың тілі мен үніне адал болған азамат. Оның шығармашылығы – дала жырының бүгінгі жалғасы, шындық пен шайрайдың түйсікпен тұсы.

Бүгінгі таңда Мүсіркеп аға 70 жастың желкенін керіп, өлең атты мол мұрасымен, өсіп келе жатқан жас бұынға рухани бағдар, тәлімді тағалым болып отыр. Бұл жас – бір дәуірдің куәсі, қаламның қадірін ұқтырған ғұмырдың межесі.

О, Муза, көк қаршығам өктем үнді!

Мүсіркеп СЕЙДАХМЕТ

МУЗА, МЕН ЖӘНЕ ТІРЛІК
 Жаралған жасын-бишік,
 от-камшыдан,
 О, Муза, көкті кезген
 көк қаршығам!
 Тірлігім айнымайды жанталасып,
 Додада салым тартқан
 көкпаршыдан.

О, Муза, көк қаршыға жыр-өлеңім,
 Өзіңнен іздеп таптым жүрек емін.
 Тірліктің додасында көкпар
 тартып,
 Сүрініп, құладым сан, жүреледім.

Қыздырып бойымдағы
 от қанымды,
 Тебінің тоғышарлар топқа кірді.
 Тірліктің додасында бағы асып,
 Бөктерді бөктергілер көкпарымды.

Қанаты аймалаған көкте күнді,
 О, Муза, көк қаршығам өктем үнді.
 Жіберді қоламтаға айналдырып,
 Тоғышар мына қоғам от демімді.

Қамалын бұзамын деп айла-ептің,
 Өксітіп өмірімді майдан еттім.
 Тірліктің додасына тастап мені,
 О, Муза, көк қаршығам
 қайда кеттің.



МЕН
 Жұмыр жер жүдеу – жүрегім,
 Тағдырым ауыр – зілзала.
 Өзекті жанға бір өлім,
 Жанымды жеме мұң-нала.

Үйренген нокта-жүгенге,
 Пендемің болса басты мен.
 Періште басам жүрем бе,
 Пақыр боп жердің астымен?

Пендемің көп қой менде мін,
 Қайтемің босқа ақталып.
 Желігіп жиі желдедім,
 Сезімді сүзіп ақ мамық.

Періште емес пендемің,
 Өмірді жүрген малданып.
 Жандарға адал сенбедім,
 Аяғға арам алданып.

Тағдырым ауыр – зілзала,
 Жұмыр жер – жүдеу жүрегім.
 Жанымды жеме мұң-нала,
 Өзекті жанға бір өлім.
 Білемін...

МЕН ҒАС САҚПЫН, ҚАЗАҚПЫН
 Рух алып «Алаш» деген ұрнаннан,
 Мен қазақпын, ру,
 жүзден құралған.
 Алтайменен жайлап Танның
 арасын,
 Өсіп-өндім Тұраннан.

Мен Қыпшақпын, мен Арғынмын,
 Найманмын,
 Қанатымды төрт тарапка
 жайғанмын.
 Үйсін, Адай, Қоңырат боп,
 Суан боп,
 Алты Алашқа айналдым.

Мен Кереймін, мен Дулатпын,
 Албанмын,
 Қожасымын мына кәрі жалғанның.
 Сақтан, Ғұннан, көк Түркіден
 кешегі,
 Мұрагер боп қалғанмын.

Ман Ғас сақпын, мен қазақпын,
 түркімін,
 Кешкен жоқпын күнін қарсақ,
 түлкінің.
 Атой салып ақ найзаның ұшымен,
 Түннің түрдім кірпігін.
 Мен Ғас Сақпын, Қазақпын!

ӨМІР АЛҒА КӨШЕДІ
 Өткен өмір оралмайды айналып,
 Мезгіл соққан самалдай.
 Қарайлайсың бет жүзіңе
 айна алып,
 Жастығыңды таба алмай.

Самайыңа боз қырауын күз ілді,
 Сейіл құрған кеш қайда?
 Таба алмайсың бірақ,
 балғын жүзіңді,
 Айнадан жоқ еш пайда.

Әуре болма асырам деп, көнесің,
 Уақыттан айлаңды.
 Іздей берме өткен күннің елесің,
 Қолыңа ап айнаңды.
 Өмір ескі өз әуенін шертеді,
 Болашағы белгісіз.
 Жастық дәурен таңғажайып ертегі,
 «Мың бір түнгі» бергісіз.

ТАРАЗЫ
 Тәңір – менің жүрегімде,
 тәңір – менің миымда.
 Сынау үшін салып отыр,
 тағдырымды қиынға.
 «Үміт артып тек өзіңе,
 әрекет қыл, тірлік ет,
 Маған сеніп босқа бекер –
 дейді – маған сыйынба».

Тәңір – менің болмысымда,
 тәңір – менің бойымда,
 Салып отыр соңғы сынға,
 «өмір» атты ойында.
 Жақсылығым, жамандығым,
 ахиреттік таразым,
 Қиянатым, қысастығым,
 түскен салмақ мойынға,
 Ойымда...


БОЙ ЖАЗУ
 Құтыдағы саба сауыр, қыл сағақ,
 Омар Хаям ішкен шарап,
 бұл шарап.
 Құй даяшы, тостақтарды толтыра,
 Болсаң егер бақыр санап,
 пұл санап.
 Буыменен дүниені көшіріп,
 Құй шарапты, ішейік бір есіріп.
 Маэстро, қайда сазды әуенін,
 Шықсын бойдан ессіз желік есірік.

Қырық ру, қырық жұрттан
 құралған,
 Мезі болдық жалаң айқай ұрнаннан.
 Құй даяшы, шарабыңды толтыра,
 Биші қыздар қайда белі бұралған.

Қуат беріп бойға қанды таратқан,
 Құй даяшы, құй еселеп шараптан.
 Дағдарыстан аяқтығырып жүйкені,
 Тәлтіректен шығайық
 бір кабактан.

Ойды аршып нұрлы-нұрлы
 мұнардан,
 Құй шарапты шығайық бір
 құмардан.
 Омар Хаям ішкен шарап,
 бұл шарап,
 Біз емеспіз ойлап мұны шығарған.

Құй даяшы шарабыңды еселеп,
 Бұл шарапта кеткен ақы, есе көп.
 Құрметі үшін қане ұлы шайырдың,
 Еселеп бір ішейікші, кеселеп.
 Құй даяшы!



КӨКСЕУ
 Дүниеден баз кешіп,
 дара кеткім келеді,
 Тоғышарлық тірлігің,
 талақ еткім келеді.

Сонау бала күнімің,
 аңқау, аңғал періште,
 Тазалығың, пәктігің,
 ала кеткім келеді.

Дүниеден баз кешіп,
 көшіп кеткім келеді,
 Сырдың суын сирақтан,
 кешіп кеткім келеді.

Құлы болған нәпсінің,
 қанағатсыз, тойымсыз,
 Пенделіктің кебінің,
 шешіп кеткім келеді.

Дүниеден баз кешіп,
 ауып кеткім келеді,
 «Туырлығын кескілеп,
 шауып кеткім келеді».

Мезі еткен меңіреу,
 мына кәрі жалғанның,
 Алба-жұлба жабуын,
 жауып кеткім келеді.

СЫҚПЫТ
 Су қараңғы, соқырмын,
 түк көрмеймін,
 Маған жарық сәулелі,
 біткендей күн.
 Сергімейді көңілім бұрынғыдай,
 Кімнен, нені білмеймін,
 күткендеймін.

Соқыр менің көз емес, көкірегім,
 О, Жаратқан, кеше гөр, өтінемін.
 Тасқа соққан тұмсығын лай суда,
 Күйін кештім мен байғұс, бекіренің.

Бұйырмасын айыпқа, мінеп ешкім,
 Ішіндемің шайтани, жың елестің.
 Зағиптардың қоғамы мына қоғам,
 Көзі соқыр тек қана, мен емеспін.

Ауды міне, еңкейіп, сәскеден күн,
 Шыбық көктеп орынның,
 басты еменнің,
 Су қараңғы, соқырмын түк
 көрмейтін,

Естімейтін және де тас кереңім.
 Көкірегім көрсоқыр, тасқараңғы,
 Сорғалатып шыладым,
 жасқа қанды.

Өзүреген өзмішіл дүниеде,
 Естімеймін өзімнен басқаларды.

Ой-санамды дүние, мендеп алған,
 Мендеп алған кесел көп,
 дендеп алған.
 Оңған сықпыт қалмады мен
 байғұста,
 Тұрған жоқсың жетісіп,
 сен де жалған.

Хакім айтқан көтеріп,
 бөк-қабымды,
 Қайда барып белгісіз,
 тоқтарымды.
 Тойымсыздық, ашкөздік
 менің дертім,
 Одан басқа бойымда,
 жоқ қағынды.

ЖАМАУ ӨМІР
 «Тазамын, пәктіп – деп,
 ақпын», – деп,
 Шығарып үкімің, жарлығын.
 Өмірге тұрады таққын кеп,
 Кінәнің, күнәнің барлығын.

Өзіңе жуытпай қылауды,
 Артасың кінәні басқаға.
 Алайда, бәрі де сұраулы,
 Жазулы барлығы таспада.

Бар болса өмірді сүйесің,
 Жок болса кінәлап, айыптап.
 Арыңның отына күйесің,
 Кеткенде басыңнан тайып бақ.

Сіздерге қатысы жоқ мүлде,
 Өмірім өзімнің амалым.
 Жіптерің тарқатып сөктім де,
 Қапсырып, жапсырып жамалдым.

Жасырып тұрғанмен кінәнді,
 Көңілге бәрі кеп тұнады.
 Ал, менің дұдамал, күмәнді,
 Өмірім жамаудан тұрады.

ӨМІР
 Өмір ғой өмір, сүрініп,
 бірде құлайсың,
 Біреуді қалап, біреуге өзге ұнайсың.
 Сезімді нәзік сындырып алып,
 быт-шыт қып,
 Бөлшегін әрбір жинап ап қайта
 құрайсың.

Өмір ғой өмір, кететің есе, үлесің,
 Еңкілдеп жылап, кеңкілдеп бірде
 күлесің.
 Алысып жүріп, жұлысып жүріп
 жылдармен,
 Сағыныш атты сағымға
 барып сіңесің.

Өмір ғой өмір, аралап өре, сөресің,
 Жақсылы-жамаң, жақтарың бағып,
 көресің.

Баянсыз жалған, аялсыз пони
 дүние,
 Уақыт атты, шешеді бәрін,
 төрешің.

Өмір ғой өмір, өмірден қайда
 қашасың,
 Бір басқан шоқты, мың мәрте
 қайта басасың.
 Көңілің қалып, тарс жауып қатты
 есігің,
 Оралып келіп, қайыра сосын
 ашасың.

Өмір ғой өмір, өмірді болжай
 алмайсың,
 Жақсы деп бәрі, өзіңді өзің
 алдайсың.
 Сүрініп кетіп, түңіліп кетіп
 кей сәтте,

Жыртығын жамап, үзігін қайта
 жалғайсың.
 Өмір ғой өмір, өмірді болжай
 алмайсың.



АДАМ ТАҢУ
 Әй, өзім, кінәлі бәріне,
 Қолыңды бәрі бір, кеспейсің.
 Бармаған сегізден әріге,
 Бұл қасқа сабазға, не істейсің?

Бассам да жерге нық, қадамды,
 Тұрса да шоқ шашып көзімде от.
 Айырмай адамнан наданды,
 Шатасып жүретін кезім көп.

Көнбейтін ерікке, ырыққа,
 Кісіге әр ісің таулы.
 Жалғар ем құрықты, сырыққа,
 Оқысам мен «Адам тануды».

Қосумен оқыдым алуды,
 Соншалық ақымақ емес ем.
 Оқысам мен «Адам тануды»,
 Тағдырдан таяқты жемес ем.

Болмаса тек ілу, шалуда,
 Шатаса адамға тән екен.
 Білгенге бұл «Адам тану» да,
 Өмірде ең қажет пән екен.

ӨТІНІШ
 Шығарып әптер-тәптерін,
 Көшіріп ғайып сәттерін.
 Жүрмісің тізіп, толтырып,
 Періштем амал дәптерін.

Аңқаны алып шөл іштен,
 Заһар у көп қой, мен ішкен.
 Күнәмен кешіп кінәмді,
 Өшіре салшы періштем.

Өшіре салшы кінәмді.
 Кешіре салшы күнәмді.
 Қылмысым жоқ періштем,
 Аса ауыр күмәнді.

ЖЫЛАП АЛАМ
 Аспан да жылайды,
 Жүзін кеп бұлт басқанда,
 Тастар да жылайды,
 Мүктерін шық басқанда.

Мұнайып табанда,
 Жүзінен шуақ ұшқан.
 Жылайды адам да,
 Қайғыдан, Қуаныштан.

Жас тұнып көзінде,
 Кім бар ей, жыламаған?
 Жеңілдеп өзім де,
 Баз базда жылап алам.

РАЗЫМЫН ӨТКЕН КҮН
 Күндеріме разымын кешегі,
 Сайран салып, жібергем жоқ есені.
 Өтті дәурен, көшті дәурен
 басымнан,
 Дуылдаттық, шуылдаттық көшені.

Бүршік атып сезім гүлі көктеген,
 Өтті бастан қызық сәттер
 көптеген.

Сүйіп қалып, күйіп қалып сұлуды,
 Жүрегімді қарыдым сан, отпенен.

Тәтті ерінді, сәттеріңді сағынар,
 Әр адамның кимас асыл шағы бар.
 Сүйіп қала, күйіп қала беретін,
 Жүрегімің осалдығы тағы бар.

Жібергем жоқ өткен күнге есемді,
 Жан емеспін кісіпірлі, кеселді.
 Жүрегім бар сүйіп қала беретін,
 Көңілім бар қалдырмайтын
 меселді.

Қилы жайды бастан кешіп
 өткердім,
 Содан бәлкім көрешекті
 көп көрдім.
 Қызығы да шыңығы да ғанибет,
 Разымын өткен күн.



Өлеңі – автопортреті

Ерік НАРЫН,
 «Ortalyq Qazaqstan»

Өлең жазып, белгілі бір ортада «ақын» деп мойындалған соң, негүрлі қылық ойлап тауып, өзіне ақындық тағдырды жапсарластырып алатындар жетерлік. Сондай ақындардың тағдыры, болмысы қандай жасанды болса, өлеңдері де сондай болады. Бейне бір жеңіл әрі қысқа уақытта әзірленетін фасфуд дерсін. Жүрегің төбіренбейді, толқымайды. Сезіміңнің пернесін баспақ түгілі, маңайына да жуымайды. Олар өзіңше тік, асау, болып көрінгісі келеді. Ортада тұрып әртістігіне де салады. Ақындығын бәлсінетіндері, тіпті, бөлек әңгіме. Мұндай жасандылықты жүрегіңнің көзі, төбесіңнің тесігі барлар ғана сезсе керек.

Қазақтың заңғар жазушысы Мұхтар Мағауинше айтсақ, «Жан – Алланың аманаты, жазу – аруақтың аманаты». Шын қаламгер осыны ұққан күні ғана кемеліне жеткен, жан әлемінің көшірмесіндей өлең жаза бастайды. Сол өлең тірі ағзаға айналады. Автордың өзімен бірге өмір сүріп, тіпті, көзі кеткеннен кейін де өзді өзі болып ғұмырын жалғастырады. Ал, өтірікке, жасандылыққа жаны қас, жазуға серті берік қаламгердің өлеңдерінен өзін көресіз. Өлең – сонсымен өлең. Мүсіркеп Сейдахметтің өлеңдерінен өзін көресіз.

Мәселен, «Муза, Мен және тірлік» деген өлеңіне жүрек көзін бұрынызшы. Ақын өлеңін: «Жаралған жасын-бишік, от-камшыдан, О, Муза, көкті кезген көк қаршығам» деп бастайды. Шайырлар қауымы мұзаны көбіне нәзіктікпен жырлайды. Ал, Мүсіркеп ақынның алғашқы екі тармағынан-ақ табиғатын сезесіз. Осы екі тіркестен-ақ тұтас өлеңнің демін сезіп, асқақтығын көресіз. Өлеңді қоңыраулап, соңғы екі шумаққа дейін оқырманды дайындайтын ақындар бар. Оларды салыстырмалы түрде айтсақ, әуесқой боксшыға теңеуге болады. Бар күшін, әдісін ұпаймен ұтуға жұмсайды. Көп болғанымен, қарсыласын есеңгіретпейтін соққылар. Бұл денгейдің де өз жанкүйері бар. Бірақ, раунд басталған бетте ауыр соққыларын төпелетіп, қарсыласын есеңгіретіп тастайтын кәсіпқой бокстың жанкүйері көбірек болса керек. Поэзия да солай. Ақынды боксшыға теңесек, оның бабы, физикалық дайындығы алғашқы тармақтардан-ақ сезіледі. Екінші шумағы «О, Муза, көк қаршыға жыр-өлеңім» деп басталады. Мұзаны қаламгерлер әдетте аққуға, ақ көгершінге, сәулеге теңеп жатады. Мүсіркеп Сейдахметтікі – көк қаршыға. Осы бір ғана тіркесінен ақынның өзіндік қолтаңбасын, ерекшелігін көресіз. Қаршыға – жыртқыш құс. Аспанның арланы. Автордың тағдырынан, өмір жо-

лынан хабары бар адамның осы бір гана жолға көңілі құларына сенімдімін. «Тірліктің додасында көкпар тартып, Сүрініп, құладым сан, жүреледім», – дейді әрі қарай.

Қанаты аймалаған көкте күнді,
 О, Муза, көк қаршығам
 өктем үнді.
 Жіберді қоламтаға
 айналдырып,
 Тоғышар мына қоғам
 от демімді.

Қамалын бұзамын деп
 айла-ептің,
 Өксітіп өмірімді майдан еттім.
 Тірліктің додасына
 тастап мені,
 О, муза, көк қаршығам,
 қайда кеттің?

Осы өлең турасындағы ойымызды түйіндей айтқанда, Мүсіркеп Сейдахмет – шынайы ақын. Өлеңіне «әшекей» тағып, бетіне «далап» жақпайды. Жанының сырын, мұның бүкпесіз төгіп тастайды. «Әшекей» мен «Далаптың» түр-түрін оқырман үшін жазатын жазармандардан көресіз. Мүсіркеп Сейдахмет Жаратқаннан өзіне аманат етіп берілген «Жеңілдігі көбіктей, Ауырлығы табыттай» (Жұмекең Нәжмеденов) ойын, мұның ақтарды. Мұндайды ақынның өз-өзіне адалдығы деп ұқсақ, абзал.

Өлемдік денгейдегі ақын-жазушылардың өмірбаянына қараңыз. Ешқайсы да төңірегіндегілердің барлығына дерлік ауылы болмаған. Пенде жақтырмас қылықтары жетерлік. Себебі, Ақын – періште. Ал, періштенің қашан да тұзы жеңіл. Кейде жүрегінің тазалығынан опық та жеп жатады. Өлеңмен лаулап жүріп талай соқпаққа түсетіндері де содан.

Мықты, жігерлі адамдар ғана өзінің шынайы бет-бейнесін жасырмай өмір сүре алады. Ал, ақынға қойылатын талап, тіпті, биік. Ақын Өмірзақ Қожамұратов: «Батыр ақын болмаса, батырлыққа мін емес, Ақын батыр болмаса, көрген күні күн емес», – дейді. Турашылдық пен шынайылық – Мүсіркеп Сейдахметтің асыл қасиеттерінің бірі. Бұл – көп ақынға бұйырмаған қасиет.

«Шындықты айтамын деп талай адамға жақпай қалдым», – дегенін Мүсіркеп Сейдахметтің аузынан талай естігенмін. «Неге үндемей қалмайсыз», – деймін. «Екіжүзділерді жеккөремін», – дейді кіжініп. Бұл не? Біздің пайымымызша, бұл – шынайы ақынның кеудесінде бұлқыған Ар.

Ақтоғайда жатып жазды. Өзгерлерге ұқсап ақындығын бәлсіңген жоқ, жазғанына марапат сұраған жоқ. Ауылдағы қоңыр тіршілікте көктен түскен сәулелі ояларын сияға айналдырды. Жазуға адал болды. Бүгінде Ақтоғайға ғана емес, тұтас Арқа жұртына қадірлі ақын.

• «ТӘУЕЛСІЗДІК ҰРПАҚТАРЫ»

Жастардың жарқын қадамы

Өңірмізде орта және шағын кәсіпкерлер айналыстан кәсіпкерлердің саны 100 мыңнан асады екен. Ресми дерекке сүйенсек, оның басым бөлігі – жастар. Бұл – аймақ жастары мемлекет тарапынан жасалып жатқан барлық мүмкіндікті қалт жібермей, өздерін және өзгелерді жұмыспен қамтып, өңір экономикасына салым салып жатыр деген сөз. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Мемлекет өскелең ұрпаққа тиісті жағдай жасайды. Қазақстанда білім алу және еңбекпен қамту мүмкіндіктерін кеңейтуге, таланттарды шыңдауға, жеңілдікпен баспана сатып алуға, сондай-ақ жастар кәсіпкерлігін қолдауға бағытталған көптеген бағдарлама әзірленіп, іске қосылуда», – деген болатын. Облыста бұл мақсатта ауқымды жұмыстар атқарылуда. Президент тапсырмасы сәтмен жүзеге асып жатыр деуге толық негіз бар.



Ерік НАРЫН,
«Ortalyq Qazaqstan»

Бүгінде еліміз мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру мақсатында ауқымды іс-шаралар атқаруда. Түрлі оқулықтар шығарып, ана тіліндегі контенттердің санын күрт арттыруды жолға қойған. Әсіресе, цифрландыру бағытында жұмыс қарқынды. Бұған өңір жастары да белсене араласып жатыр. Мәселен, шығармашылық пен кәсіпкерлікті қатар ұстаған ақын Салтанат Қайырбек қазақ тілінде жазатын авторларға арналған интеллектуалды әлеуметтік желі мен шығармашылық конструктор жасап шығарған. Ол IT жобасын былтыр сәтті қорғап шығып, мемлекеттен 2 млн теңге көлеміндегі грант ұтып алыпты.

– Бұл платформаға қолданушы өз өлеңін, эссесін, рецензиясын жүктей алады. Платформа әдеби пікір, театр рецензиясы, мәдени диалог орталығына айналады. Қолданушылар бір-бірінің шығармасын бағалап, талдап, арнайы жасалған алаңда театр қойылымдарына пікірлерін қалдырады. Бұл – әдебиетті, театрды және поэзияны біріктіретін қазақ тіліндегі алғашқы әдеби экожүйе. Әсіресе, театр көрермендері үшін таптырмас алаң деп ойлаймын. Өйткені, кез келген талғамы биік оқырман көргенін талдағысы келіп тұрады, өзгелермен ой бөліскісі келеді. Әуелде басқа кәсіп ашуды ойладым. Бірақ, өзін шығармашылыққа жүргеннен кейін осы жобамға бел будым, – деді Салтанат Қайырбек.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасанды интеллект дәуіріндегі Қазақстан: өзекті мәселелер және

оны түбегейлі цифрлық өзгерістер арқылы шешу» атты Жолдауында «Ауыл шаруашылығын жаңа деңгейге көтеру қажет. Бұл салаға тың серпін беру үшін мемлекет сонғы жылдары реформа жүргізіп жатыр» деген еді. Аудандарда мал шаруашылығын дамыту үшін ветеринарлық саланы да дамытпақ керек. Шет ауданының шаруаларына ең керекті ветеринарлық дәріхананы Айдана Құсайынова ашып отыр. Негізінде бұл жұмысты 2023 жылы бастаған. Сұраныс күрт артқаннан кейін аудандық жастар ресурстық орталығы арқылы грант алып, кәсібін кеңейткен.

– Ауданның түпкір-түпкірінен шаруа қожалықтары келіп, көп мөлшерде тапсырыс бере бастады. Содан кейін кәсіпімді кеңейтуге бел будым. Бұған дейін ауданда мұндай дәріхана болмаған. Шаруалар қалаға сабылуға мәжбүр еді. Қазір бәрі жеткілікті. Кез келген дәріні кез келген мөлшерде сата аламыз. Дәріден бөлек ат әбзелдерін де сатамыз. Келешекте ветеринарлық клиника ашу жоспарда бар. Бір адамды жұмыспен қамтып отырмын, – деді Айдана Құсайынова.

Бытыр аймақтың талантты және талапты жастары арасында облыс әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары» деп аталатын гранттарына байқау жарияланған еді. Гранттар шығармашылықта үздік атанған, ғылым саласында жетістікке жеткен, қоғамдық жұмыстарға белсене атсалысқан жастарға табысталады. Бес бағыт бойынша 25 грант берілді. Солардың 10-ы кәсібін ашықсы келетін немесе кәсіпін ауқымды кеңейткісі

келетін 10 кәсіпкерге бұйырды.

Грант иегерлерінің бірі – Талғат Түсіпбеков. Ол былтыр «Жақынына көмектес» жобасын сәтті қорғап шығып, өз жұмысын бастауға қаражат алған. Бүгінде аймақтағы зейнеткерлер мен аз қамтылған отбасыларға және мүмкіндігі шектеулі жандарға күзде көмірді тегін жеткізіп берді.

– Облыс әкімдігі бекіткен тізім бар. Бұл тізімдегі тұрғындарға тегін көмір беріледі. Менің міндетім – соларға көмірді тегін жеткізіп беру. Бүгінде қарамағымда екі жүк көлігі бар. Екеуіне бекітілген екі жүргізушім бар. Қазір 300-ге жуық адамға қызмет көрсетіп жатымыз. Алдағы уақытта техникалар санын көбейтіп, қызмет ауқымды кеңейту жоспарда бар, – деді Талғат Түсіпбеков.

– Кәсіп ашуда гендерлік көрсеткіш бойынша да теңдік бар, – дейді облыстық жастар ресурстық орталығының директоры Аслан Кабегенов. – Кәсіп пен тек ер адам айналысуы тиіс деген түсінік жоқ. Аймағымызда кәсіпін дөңгелетіп отырған әйелдер жетерлік. Мәселен, ауылдық жерлерде кәсіп ашқан ерлер саны 226 болса, әйелдер саны 223-ке жеткен. Ал, қалаларда – 156 ер, 166 әйел шаруаларын дөңгелетіп отыр. Жалпы кәсіпке келетін болсақ, былтыр облыс және аудан әкімінің 130 гранты берілді, – деді Аслан Кабегенов.

Облыс әкімінің «Тәуелсіздік ұрпақтары» грантына өтініштер қабылдау биыл 15 қарашадан басталады.

Суретті түсірген
Жангелді ӘБІҒАЛЫМ

• БРИФИНГ

Байырғы дәстүрдің баянды жалғасы

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті – еліміздің өнеркәсіп саласындағы инженерлік-техникалық кадрларды дайындайтын жетекші техникалық университеттердің бірі. Қарағанды облысы өңірлік коммуникациялар алаңында өткен брифингте университет басшылары былтырғы оқу жылындағы білім беру, ғылым, тәрбие және қаржы-шаруашылық қызметін қорытындылады. Шағын мәжілісте оқу орнының ғылыми жетістіктері сараланып, жасанды интеллект дәуіріндегі жаңа тынысы жайлы сөз болды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университеті Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы Жолдауында айтқан «Жаппай цифрландыру мен жасанды интеллект технологияларын пайдалану жағдайында жұмыс істей алатын кадрларды даярлау» бағытында дамуың даңғыл жолына түскенін атап өтті университет басшылығы.

Бүгінде бакалавриат, магистратура және докторантура деңгейіндегі 100 білім беру бағдарламасы, сондай-ақ 13 әскери мамандық пен 15 колледж бағдарламалары бойынша маман даярлайтын оқу орны жыл сайын өз беделін сақтап, тұғырынан таймай келеді. Жыл сайын техникалық университетті таңдап, оқуға түсетіндердің қатары артпаса, кеміген емес. Бытырғы контингент 9 мыңнан аса білім алушыны құрады. Биыл тағы 3359 студент қабылданып, өткен жылғы көрсеткіштен 44%-ға артқан. Олимпиадаларда жүлделі болып, жоғары нәтиже көрсеткен студенттер екі есеге көбейген.

– Оқу орнындағы білім беру бағдарламалары өзекті әрі сұранысқа ие. Мұны ұлттық және халықаралық рейтингтер растайды. Мысалы, «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының рейтингіне қатысқан 30 білім беру бағдарламасының 26-сы ТОП-10 қатарына енсе, НААР рейтингінде барлық 50 бағдарлама үздік оңдықта орналасқан. QS World University Rankings 2025 халықаралық рейтингінде университет 851+ позициясын иеленіп, жаһандық академиялық кеңістіктегі өз орнын әйгіледі, – деді университет ректоры Сәуле Сағынтаева.

Биыл «Жұмысшы мамандықтарының жылы» аясында облыстық білім басқармасымен және Қызылорда қаласының колледжімен ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылған.

– Облыстық білім басқармасымен бірлесіп, 20 мектепті, 7 колледжді және 3 кәсіпорынды біріктіретін оқу-ғылыми-өндірістік кешен құрылды. Университет, сондай-ақ, Қарағанды қаласындағы тау-кен және құрылыс колледждерін қамқорлығына алды, – деді ректор.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасы бойынша елімізде жасанды интеллекттің енгізуге бағытталған ауқымды ұлттық «AI-Sana» жобасы басталды. Осы



бағдарлама аясында Қарағанды техникалық университеті «әзірлік» жоғары оқу орны ретінде таңдалып, бекітілген. Қазіргі уақытта ЖИ агенттері әзірленіп, арнайы пән енгізілуде. Профессорлық-оқытушылық құрам үшін ЖИ бойынша оқыту ұйымдастырылып, инновациялық стартаптар жүзеге асуда. Университетте кадрлық әлеуетті дамыту және мықты профессорлық-оқытушылар құрамын қалыптастыруға да ерекше көңіл бөлінді. Олардың біліктілігін арттыру және шетелдік тағлымдамадан өту үлесі жоғары.

– Біздің оқытушылар жыл сайын әртүрлі байқаулардың жеңімпаздары атануда. Мысалы, 2024 жылы «ЖОО-ның үздік оқытушысы» атағын 6 оқытушы иеленді. Сонымен қатар, 2025 жылы «Жас ғылым» жобасы аясында 7 жоба қолдау тапты, – деді ректор.

Ғылыми зерттеу жұмысын дамыту мәселесі де аса өзекті. 2024 жылы мемлекет пен индустриялық серіктестердің бірлескен нәтижесінде ғылыми зерттеулерді қаржыландыру көлемі 2 миллиард теңгеден асты. Барлық қаржыландыру көздері бойынша оң динамика байқалады. Соңғы үш жылда мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаржы көлемі төрт есеге жуық артып, былтыр 1,2 млрд теңгені құраған.

Бүгінде университеттің ғылыми және білім беру қызметі өндіріс орындарымен тығыз қарым-қатынаста. Оқу орны инновациялық білім беру «ҚарТУ» Консорциумы аясында корпоративтік ынтымақтастықтың инновациялық моделін жүзеге асырып келеді. Консорциум құрамына өңірдің 84 ірі кәсіпорны кіреді, олардың қатарында «АрселорМиттал Теміртау» АҚ, «Қазакмыс», «Kazzinc», «Borusan Makina» және басқа да жетекші компаниялар бар. Олар университет кафедраларының материалдық-техникалық

базасын заманауи талаптарға сай жаңартуға демеушілік жасайды. Бұл өз кезегінде студенттерге өндірістік өмірге барынша жақындап, тәжірибеге сүйенген сапалы білім алуына мүмкіндік береді.

Университет өңірдің инновациялық дамуы бағытында жергілікті атқарушы органдармен белсенді ынтымақтастық орнатуда. 2024 жылғы қараша айында Қарағанды облысының ғылым және технология жөніндегі кеңесінің алғашқы отырысы ҚарТУ базасында өтті.

– Облыс әкімдігінің қолдауымен университет негізінде Аймақтық индустриялық-инновациялық хаб құру жұмыстары басталды. Бұл хаб ғылыми әзірлемелерді қаржыландыруға, стартаптарды қолдауға, кәсіпкерлік мәдениетті дамытуға және индустриялық серіктестермен бірлескен жобаларды жүзеге асыруға мүмкіндік береді, – деді ректор Сәуле Сағынтаева.

Облыс әкімінің тапсырмасымен университет ғылымдары Қарағанды агломерациясының көлік жүйесін дамыту жөнінде ғылыми-зерттеу жұмысын қолға алды. Жобаның құны 67 млн теңгені құрайды.

Университеттің өңірдегі жетекші инженерлік-техникалық орталық ретінде беделін нығайтуда уақыт талабына сай жаңа өзгерістер енгізілуде. Атап айтқанда, алдағы жылы оқу орнында Жаңартылатын энергия көздері, Атом энергетикасы, Машина жасау және жасанды интеллекті әртүрлі салаларда қолдану бағыттары бойынша жаңа білім беру бағдарламалары іске қосылды. AI & Machine Learning, мехатроника және робототехника зертханалары ашылады. Шетелдік студенттердің де үлесін арттырып, жоғары І-индексі бар шетел ғалымдары шақыртылмақ.

Сурет Қарағанды техникалық университетінен

Келешегі кемел

Бұдан бұрын жазғанымыздай, Теміртау жоғары политехникалық колледжінде «Аймақтық болашағы: еңбек мамандықтары, білімді коммерцияландыру және серіктестік тұрақты дамуының негізі» тақырыбында облыстық келелі кенес өтіп, оған қатысушылар осы орта арнаулы оқу орнының жұмыс бағыттарымен және Қытай Халық Республикасымен бірлесіп жүзеге асырып жатқан жобаларымен танысып, оның зертханалары мен шеберханаларын аралап, көрген еді.

Ержан ИМАШ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Енді осы колледж туралы арнайы сөз етсек, ол биыл құрылғанының 70 жылдығын атап өтіп, оған Теміртау индустриалдық колледжі қосылып, іргелі кәсіптік-техникалық білім беру ошағына айналған. Оқу-материалдық базасы заманауи талаптарға сай оның күндізгі бөлімінде оқитын 1526 студенттің 428-і мемлекеттік тапсырыспен дуальды оқытылып жатса, 99 студент сырттай білім алып, 2016 жылдан бері жылма-жыл 20 студент инклюзивті оқумен қамтылған көрінеді. Оларға түрлі санаттары бар 98 оқытушы 23 мамандық бойынша сабақ беріп, өндірістік оқытудың 16 шебері практикалық сабақтарын жүргізеді. Осынау үлкен педагогикалық ұжымды 3 жылдан бері өз ісін білгірі, Теміртау қалалық мәслихатының депутаты Салтанат Акбергенова басқарып келеді.

– Бүгінде біз өзімізге қосылған Теміртау индустриалдық колледжінің ғимараттарын орынды пайдаланып, оларда Креативті ойлау, Креативті индустрия, IT орталықтары мен Бизнес мектебін аштық, – дейді Салтанат Ермекқызы, – Студенттеріміз мұнда сабақтан тыс уақыттарында бірнеше бағытта ғылыми жұмыстармен айналысып, өндірістік дағдыларын да қалыптастырады. Мәселен, болашақ құрылысшылардың диплом жұмыстарына нақты жұмыс көлемі ұсынылып, жүзеге асырылады. Соның нәтижесінде олар 4 қабатты жатақхананы жөндеп берді. Мұнымен де тоқталмай, «Жол картасы» жобасы аясында әлеуметтік әріптестік көкжиегін кеңейтіп, оны интернационалдандыру бағытын да ұстанып отырмыз.

Міне, 15 жыл уақыттан астам колледждің әлеуметтік серіктестері еліміздің «ҚарМет» АҚ, «ЗаводКазарматура» ЖШС, «Имстальком» ЖШС, «Уралдом-

наремон» ЖШС, «Инкар-1» ЖШС, «Казэнергомаш» ЖШС, «ТЭМК» ЖШС сияқты көптеген ірі кәсіпорындары болып келе жатса, алыс-жақын шетелдерден Липецк металлургиялық колледжі, Минскідегі республикалық кәсіптік білім беру институтының филиалы индустриалдық-педагогикалық колледжімен, Францияның Париж Академиясы және Германияның «КНАУФ оқу орталығы» ЖШС-імен халықаралық ынтымақтастық орнатқан.

Енді халықаралық қатынастардың көкжиегін одан әрі кеңейту мақсатында Теміртау жоғары политехникалық колледжінің делегациясы биылғы 24 ақпан мен 2 наурыз аралығында Қытай Халық Республикасының астанасы Пекин қаласындағы «Танг» компаниясына жұмыс сапарымен барып қайтқан екен. Сол сапар барысында колледж директоры Салтанат Акбергенова Қытай жағымен әлеуметтік әріптестікті дамыту және халықаралық ынтымақтастықты нығайту жөнінде келіссөздер жүргізіп, Қытай мен Қазақстан арасында пилоттық режимдегі «Қосарлы диплом» жобасын іске қосу мүмкіндігін қарастырып болатын. Бұл жоба жүзеге асқан күнде біздегі техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін интернацио-



налдандыру және студенттердің академиялық мобильділігін кеңейтуге маңызды қадам жасалады.

Тағы да осы жылдың 15 қыркүйегінде Теміртау жоғары политехникалық колледжінің делегациясы Пекиннің Чанпин кәсіптік училищесінде болды. Салтанат Ермекқызының айтуынша, бұл жолғы келіссөздер кезінде екі тарап халықаралық бірлескен жоба-

лар шеңберінде осы заманғы және қажетті бағыттарда мамандар даярлау саласындағы перспективаларды талқылаған. Соның ішінде, Қазақстан мен Қытай колледждері арасында кәсіптік білім берудің инновациялық альянсын құру, пилотсыз ұшу аппараттарын пайдалану мен қызмет көрсету, қытайлық BVD компаниясының жаңа энергиямен жұмыс істейтін авто-

мобильдеріне сервистік қызмет көрсету мәселелерін де сөз еткен. Сондағы келіссөздер қорытындысында техникалық және кәсіптік білім беру жүйесін дамыту, инновациялық технологияларды енгізу мен халықаралық әріптестікті кеңейтуге бағытталған өзара пайдалы ынтымақтастық туралы екіжақты меморандумға қол қойылған.

Аталған келісім бәсекеге қабілетті кадрлар даярлау, оқытушылар мен студенттер арасында тәжірибе алмасу мүмкіндіктеріне жол ашып, сондай-ақ, халықаралық білім беру кеңістігінде Қазақстан позициясын нығайтуға ықпал етпек.

Сонымен, келешегі кемел Теміртау жоғары политехникалық колледжі халықаралық байланыстарды белсенді дамытып, оқытудың әлемдік таңдаулы үлгілерін енгізіп, цифрлық экономика және инновациялық өндіріс жағдайында тиімді жұмыс істеуге бейімді мамандардың жаңа буынын қалыптастыру үшін жағдай жасау жолындағы жақсы ісін жалғастыра бермек.

ТЕМІРТАУ

Сурет ұйымдастырушылардан

Есірткісіз болашақ қажет



ЗАҢ ЖӘНЕ ТӨРТІП

Әбілқас Сағынов атындағы Қарағанды техникалық университетінде студенттер арасында нашарлықтың алдын алуға арналған мазмұнды кездесу өтті. Аталған шараны Қарағанды қаласының Жастар ресурстық орталығы мен облыстық полиция департаменті ұйымдастырды. Мемлекеттік органдар мен жастар ұйымдарының мұндай бірлескен ортақ жұмысы – өскелең ұрпақты әлеуметтік қауіп-қатерден қорғауға бағытталған өзара іс-қимылдың маңызды үлгісі болып отыр. Кездесуге қатысушылар есірткінің жаңа пайда болған түрлері туралы және жастар арасындағы нашарлық мәселесі жөнінде ой қозғайды.

Гүлнұр СЕРІКЖАНҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Аталған шараға Қарағанды қалалық мәслихатының депутаты, Заңдылық және адам құқықтары мәселелері жөніндегі тұрақты комиссияның төрағасы Равиль Садықов, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің Қарағанды облысы бойынша департаментінің бөлім бастығы Әлмира Хасанова мен департамент бөлімінің аға прокуроры Индира Абдрахманова, Қарағанды облысы полиция департаментінің есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі, полиция майоры Нұрым Сәдуақасов қатысты.



Кездесуге қатысушылар «Есірткінің жаңа түрлері және жастар арасындағы нашарлық мәселесі» тақырыбында ой өрбітті. Студенттерге қазіргі уақытта «қара нарықта» пайда болған синтетикалық есірткілердің түрлері, олардың қаншалықты қауіпті екені және жастардың құрыққа оңай түсетін ең осал санат екені айтылды. Спикерлер есірткі заттарының адам ағзасына қалай әсер ететінін ерекше тасталды. Атап айтқанда, есірткі адамның ойлау және физикалық белсенділігін төмендетіп, ауыр созылмалы ауруларға шалдықтыратынын, мұның соны көбінесе қайғы жағдайларға ұшырататынын түсіндірді.

Полиция қызметкерлері өз тәжірибесінен мысалдар келтіріп, студенттерге нақты және сенімді ақпарат көзін ұсынды. Кездесу барысында полиция департаментінің есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл басқармасының аға жедел уәкілі, полиция майоры Нұрым Сәдуақасов «Қарағанды өңірі – есірткі заттарын басқа қалаларға тасымалдау жүзеге асырылатын транзиттік аймақ» екенін атады. Бұл тұрғыда облыс аумағында есірткі қолданудың алдын алу, оны таратудың жолын кесуде жедел қызмет атқаратын басқарма жұмысын атап өтті. Сонымен қоса, студенттерге қазіргі кезде есірткінің жасырын жарнамалары пайда болғанын, оған кезіккен жағдайда қандай іс-әрекет жасау қажеттігін сөз етті. – Қазіргі уақытта жасырын жарнамалар көбейді. Мұндай жар-

намалар жұмыс ұсыну түрінде жарияланады, ал, ол іс жүзінде күмәнді мақсаттарды көздейді. Жұмыс ұсынған сәттемеде өткен кезде автоматты түрде Telegram-арнасына қосылады. Бүгінгі дәрісте біз жастарға осындай жарнама келген жағдайда не істеу керектігін түсіндірдік. Студенттер тарапынан «Егер есірткі жасырған адамды кездестірсе немесе қандай да бір құқық бұзушылыққа куә болса, не істеу керек?» деген сұрақтар қойылды. Біз бірнеше ұсыныс бердік, – деді Нұрым Сәдуақасов. Сондай-ақ, полиция департаментінің өкілдері кез келген құқық бұзушылық кездескен жағдайда оны Еgov қосымшасында хабарлауға мүмкіндік бар екенін атап өтті. Есірткі қылмыстарына қарсы іс-қимыл басқармасы өңірде 4 есірткі зертханасын анықтап, көзін жоғайн. Зертханадан өте көп мөл-

Сурет ұйымдастырушылардан

Еске алу

Қыркүйек айының 13 күні отбасымыздың тірегі бола білген арыстай азаматымыз Асұлдан ДАУКЕНҮЛЫ мен ақкөңіл жайраңдаған келіміміз Гүлмира ҚҰРАЛБЕКҚЫЗЫНАН қапияда айырылып, өзегіміз өртеніп қалды. Сағынышқа айналған қос ботамыздың тал бесіктен жер бесікке аттанғандарына қазан айының 24 күні 40 күн толғалы отыр.



Шығарып тастаса да тағдыр шетке, Еске аламыз әрбір күн, әрбір сәтте... Табиғат та түнеріп, түксиді, Төбемізден сол күзгі жаңбыр себелесе. Жол дегенде ойланбай жүріп тұрдық, Өздерінен өмірге үміт қылдық. Асұлдан мен Гүлмира, гұмыр ғайып, Енді міне, астарың қырық күндік. Тірі жаңға білеміз құрық барын, Құлдайдан гой бәрі де, шын ұққаным... Құран қабыл болсыншы, дұға жетіп, Бақиде биік болсын, Рухтарың!

Еске алушылар: ата-анасы Дәукен-Жанат, аға-женге, ана-жезде, бауырлары, қыздары – Арманай.

40 күндік асы 19.10.2025 ж. сағат 13:00-де Аппаз ауылы, мешіт асханасында, 24.10.2025 ж. сағат 18:00-де Қарағанды қаласы «Миллион» мейрамханасында беріледі.

№381

Ел игілігі үшін



Елімізде бастау алған республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы Балқаш қаласында жалпыхалықтық сенбілікпен жалғасын тапты. Сенбілік жұмыстарына қала тұрғындары, мемлекеттік мекемелер, білім беру ұйымдары, түрлі кәсіпорындар мен қоғамдық бірлестіктер – жалпы саны 700-ге жуық адам және 50-ден астам ұйым атсалысты. Олар таңғы тоғыздан бастап, қала көшелері мен саябақтарын, қоғамдық демалыс орындарын тазартуға шықты. Қатысушылар 1,5 гектар аумақты тұрмыстық қалдықтардан тазартып, 420 тоннаға жуық қоқыс шығарды. Сонымен қатар, 1 300-ден астам ағаш отырғызды.



Нұрлос КӨРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

– Биылғы сенбіліктің ерекшелігі – жаппай көгалдандыру болды. Экологиялық мәдениетті нығайтуға бағытталған бұл бастама аясында «Қазақмыс» корпорациясы қалаға 1 300-ден астам ағаш көшетін тарту еткен болатын. Оның ішінде 650 қарағаш пен 650 терек көшеті бар. Біздің қаламыздағы осы іс-шараға атсалысқан табиғат жанашырлары көшеттерді Жастар скверіне, сондай-ақ, Желтоқсан, Спицин, Абай және Сәтпаев көшелерінің бос жерлеріне отырғызды, – дейді Балқаш қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Дінар Мұратұлы.

– Биыл қаламыздың келбеті жаңарып, тіпті, танымал қалатындай дәрежеге жетті. Жаңа алаңдар, балалар ойын алаңдары бой көтере аясында «Қазақмыс» корпорациясы қалаға 1 300-ден астам ағаш көшетін тарту еткен болатын. Оның ішінде 650 қарағаш пен 650 терек көшеті бар. Біздің қаламыздағы осы іс-шараға атсалысқан табиғат жанашырлары көшеттерді Жастар скверіне, сондай-ақ, Желтоқсан, Спицин, Абай және Сәтпаев көшелерінің бос жерлеріне отырғызды, – дейді Балқаш қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы Дінар Мұратұлы.

Сенбілікке «Қазақмыс» корпорациясының ардагерлері де белсене қатысты. Қолдарына сыпыртқы, күрек пен кап алып, тазалық жұмысына шыққан аға буын өкілдері өскелең ұрпаққа үлгі көрсетті. Ардагерлер кеңесінің баспасымен сенбілікке 50-ден астам ардагер қатысып, қала көшелерін тазартып, ағаш отырғызу жұмыстарына үлес қосты.

Айта кетейік, бұл сенбілік Балқаш тұрғындарының туған қаласына деген жанашырлығын, табиғатты аялауға дайын екенін айқын көрсетті. Шаһарды таза ұстау – әрбір азаматтың жауапкершілігі. Сондықтан, мұндай бастамалар тек бір реттік шара болып қалмай, үздіксіз жалғасын табатын болады.

БАЛҚАШ Суретті түсірген автор

Зайырлық – қоғам дамуының кепілі

Зайырлық құндылықтар – бұл гуманизм, теңдік, ар-ождан бостандығы, адам құқықтарын құрметтеу және діни институттарды мемлекеттен бөлу қағидаларына негізделген принциптер.

Тұрақты даму экономика, қоғам және экология сияқты үш саланың үйлесімді дамуын көздейді. Ал дінсіздік, өз кезегінде, осы үш бағыттың барлығына үлес қосады.

Заң алдындағы теңдік және адам құқықтарын құрметтеу халықтың барлық топтарын қоғамның дамуына тартуды қамтамасыз етеді. Толеранттылық әртүрлі этникалық, діни және мәдени топтардың бейбіт қатар өмір сүруіне ықпал етеді. Зайырлық білім беру жүйесі сыни ойлауға, ғылыми әдіске және талқылау еркіндігіне баса назар аударады.

Саяси жүйенің демократиялануына, мемлекеттік мекемелерді діни ықпалдан ажыратып, азаматтардың шешім қабылдау процесіне араласуын қамтамасыз ететін зайырлық этикасыз қол жеткізу мүмкін емес. Құқықтық мемлекет барлық азаматтардың діни бағытына қарамастан тең құқылы болуы деген ұғымға сүйенеді, ал публицистикалық саясатта діни нормалардың үстемдік етуі мұны жоққа шығарады.

Ашық айқын артықшылықтары болғанымен, дін мен дәстүрдің берік орныққан қоғамдарда зайырлық құндылықтар көбінесе қарсылыққа тап болады. Осыған байланысты, мәдени және діни ерекшеліктерге деген құрмет пен зайырлық мемлекеттің қағидаларын сақтау арасындағы теңгерімді іздеу – өзекті мәселе.

Жаһандық сын-қатерлер мен трансформациялар жағдайында, дәл осы зайырлық қоғамды деструктивті жарылымдардан сақтап, жаңғыру жолымен алға жылжуға мүмкіндік беретін тірек болып табылады. Тұлға еркіндігін құрметтеу, ақыл мен құқықтық басымдылығы – міне, тұрақты болашақты құруға болатын іргетас осы.

Елена Сергеевна ШАРАБУРА, Қарағанды облысының ҰЕҰ клубы №194

ӘЛЕУМЕТ

«Өзіңе сен, өзіңді алып шығар...»

Облыстық ішкі саясат басқармасының әлеуметтік тапсырысы аясында өңірде мүмкіндігі шектеулі жандар мен ерекше қажеттіліктері бар жастарға арналған облыстық өнер және спорт фестивалі өтті. «Өзіңе сен!» ұранымен ұйымдастырылған іс-шара шамамен мыңға жуық жасөспірім қатысты.

колледжінде өтті. Қатысушылар дойбы, шахмат, дартс, асық ату және тоғызқұмалақ сияқты спорт түрлерінен бақ сынады.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Ерекше жастардың шығармашылық және спорттық әлеуетін дамыту, олардың қоғам

өміріне белсене араласуына жол ашу – фестивалдің басты мұраты.

Алғашқы күнгі спорттық сайыстар Қарағанды машина жасау

– Біз үшін ең бастысы – әр бала өзін қоғамның толыққанды мүшесі ретінде сезінсін. Бұл фестивальдің мәні де сонда. Мұнда жеңілген ешкім жоқ, барлығы – жеңімпаз. Өйткені өмірге деген сенім, өз күшіңе деген сенім – ең

үлкен жеңіс, – деді фестиваль ұйымдастырушысы, клиникалық психолог Резеда Баймұхамедова.

Екінші күні фестиваль шығармашылық бөлімге ұласты. Қатысушылар би, вокал, аспаптық музыка, көркемөз және сурет номинацияларында өнер көрсетті. Іс-шара соңында әрбір қатысушы диплом мен естелік сыйлықтарға ие болды.

«Аура» компаниясына СЕБИЛОН су тазартқыш жүйесіне мастерлікке ер балаларды жұмысқа шақырамыз. Жалақысы 200 мыңнан жоғары. Өз жеке көлігі болуы керек. Байланыс телефоны: 8-701-567-40-49.

№377

43-21-55
Жарнама бөлімінің байланыс телефоны

• ФУТЗАЛ

«Тұлпар» сүрінді

«Тұлпар» шағын футбол клубының өз алаңындағы жеңісін сүйіншілеп жазып едік. Бұл жолы сырт алаңда елордалық «Астана» шағын футбол командасымен кездесіп, жеңіліп қалды. Қос ойынның нәтижесі бойынша жерлестер қарсыластарына 3:4 және 2:4 есебімен есе жіберді. Салдарынан, сырт алаңда ұпай еншілей алмай турнир кестесінде 15 ұпаймен V орынға сырғылды.



Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Жалпы, елордалықтардың жағдайы мез емес. Алты ойында небәрі бір ғана ұпай еншілеген. Ал, жерлестер, керісінше, 15 ұпаймен турнир кестесінде үздік үштікте тұрған еді. «Тұлпардың» қарқынына қарап, «Бұл жолы да сырт алаңнан ұпай еншілейміз» деп күткеніміз жасырын емес. Бірақ, бұл ойлағандай, біз күткендегідей болмады.

Қос команда арасындағы бірінші кездесу 3:4 есебімен аяқталған. Бірақ, бұл кездесудің бірінші айналымында ешқандай нәтиже тіркелмеді. Қос команда шабуылда да, қорғаныста да сәк ойнап, бір-бірінші осал тұсын табумен болды. Голдың барлығы екінші айналымда соғылды. Жерлестердің бұл кездесуде

есепті теңестіруге мүмкіндіктері болған. Бірақ, қарсылас қақпашысы кателікке бой алдыра қоймады.

Қарымта кездесуде алаң иелері ойынның бірінші минутынан шабуылға лап қойды. Сөйтіп, бірден төрт гол салып тастады. Ал, қарағандылықтар қарсыластарға тек бір ғана голмен жауап қайтара алды. Екінші айналымда жерлестер қайтадан қарсылас команда қақпасынан саңылау тауып, есеп алшақтығын қысқартқан еді. Бірақ, елордалықтарды басып озуға шамалары жетпеді. Осылайша олар сырт алаңда өткізген қос ойында да ұпай еншілей алмады.

Сурет клубтың әлеуметтік желісінде парақшасынан

• КЕЗДЕСУ

Ұлттық болмыс жойылмасын десек...

Бүгінгі таңда ұлттың рухани қауіпсіздігі мен мәдени тұтастығын сақтау – мемлекеттің стратегиялық міндеттерінің бірі. Әсіресе, жаһандану заманында ұлттық ерекшеліктерімізді сақтап қалу күн тәртібіндегі өткір тұрған мәселенің бірі. «Мәдениет – ұлттың жаны» дейміз ғой. Бірақ, ол өнер туындыларымен немесе мұражайдағы жәдігерлермен ғана өлшенбейді. Осы жолда материалдық емес мәдени мұраны қорғау жөніндегі Ұлттық комитеті қызмет етеді. Бүгінде комитет төрағасының орынбасары, ЮНЕСКО сарапшысы Рустам Мұзафаров қарағандылық бір топ журналистпен кездесіп, рухани құндылықтар жайында сөз қозғайды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Рустам Рахимұлы өз сөзінде «Ұлттық болмысты сақтау жолында қоғам, отбасы және бұқаралық ақпарат құралдары ортақ жауапкершілік жүгін көтеруі тиіс» дейді. Әлбетте, бұл дегеніміз жеке бір саланың ғана шаруасы емес. Тұтас ұлт болып, қолға алатын ұлы мұрат. Осы бір кездесу барысында мәдени мұраны кеңінен дәріптеп, ұлттың рухани байлығына қоғам назарын қайта бұрудың маңыздылығы жайында кеңінен тоқталды.

– Материалдық емес мәдени мұраны сақтау – еліміздің рухани тұтастығы мен болашағы үшін аса маңызды міндеттердің бірі. Президенттің бұл мәселені Ұлттық Құрылтай мінберінен арнайы көтеруі де тегін емес. Өйткені кез келген мемлекеттің тәуелсіздігі, ең алдымен, оның азаматтарының елдік санасына тікелей байланысты. Егер біз этномәдени бірегейлікті қалыптастыра алмасақ, ертеңгі ұрпақ өзін қазақ ретінде сезінбейді. Тамырынан ажырап, космополиттік санада өсетін болады. Қай елде өмір сүріп жатқанына мән бермейтін бұныға айналуы да әбден мүмкін. Этномәдени сана мен ұлттық болмысты қалыптастыру тек мектептің ғана емес, отбасының да жауапкершілігі. Бұрын бұл – табиғи, қалыптасу тәрбиесі болатын. Ата-ананың, үлкендердің сөзін тыңдау – әдеп пен ізеттіліктің белгісі саналатын. Иә, жастар



Коллаж жасаған Ариана Кокуева

бұрын да өз ойын айтатын, кейде пікір таластыратын да. Бірақ, олар үлкенді құрметтеуді, салт-дәстүрге амалсыз емес, саналы түрде бойұсынуды өздігінен түсінетін. Жас келген сайын ата-әжесінің, әке-шешесінің әрбір сөзі мен ісінің астарында каншалықты терең мағына жатқанын ұға бастайтын. Міне, осындай ұрпақ сабақтастығы – қазақ мәдениетінің ғасырлар бойы үзілмей жетуінің басты тірегі болды, – деді Рустам Рахимұлы.

Христиан діні қазіргі Қазақстан аумағына III ғасырда, яғни Ресей мен Сирияға қарағанда бес ғасыр бұрын келген. Ал, IX ғасырдан

бастап елімізге буддизм мен ислам діндері тарай бастады. Соған қарамастан, халқымыз өзінің төл мәдениетінен ажырап қалған жоқ. Осы тарихи үрдістерге тоқталған Рустам Рахимұлы рухани және мәдени мұраны сақтау ісінде БАҚ-тың маңызына ерекше назар аударды. Әрі журналистерді мәдени құндылықтарды кеңінен насихаттауға, қоғамда рухани бірегейлікті нығайту жолында белсенді болуға шақырды.

– Мысалы, біз зираттың жанынан өтіп бара жатқанда бетімізді сипап, дұға жасаймыз. Бұл не үшін? Әрине, аруақтар үшін. Бұл – біздің

көрінісі. Осы дін мен дәстүрдің өзара қабысуынан туған дүниетанымымыз бізді қазақ етеді. Біздің рухани болмысымыз, ұлттық коддымыз – осы. Ұлт ретінде жойылып кетпей, бүгінге дейін тамырымызды үзбей жетіміздің сыры да осында, – деді Рустам Рахимұлы.

Кездесу барысында спикер журналистердің сауалына жан-жақты жауап берді. Әрі комитеттің негізгі қызмет бағыттары мен алдағы жоспарлары жөнінде кеңінен тарқатты.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• ФЕСТИВАЛЬ

Мейірім мен шабыттың мекені

Қарағандыдағы К.Станиславский атындағы орыс драма театрында мүмкіндігі шектеулі жандардың қатысуымен Конституциясының 30 жылдығына арналған екі бөлімнен тұратын «Жан шуағы» XXVIII облыстық фестивалі өтті. Ігі шараның өтуіне Қарағанды облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы мұрындық болған. Алғашқы бөлімі – көрме болса, екінші бөлімі галаконцертке ұласып, көпшілікке керемет көңіл күй сыйлады. Аталған фестиваль 210 қатысушының басын қосқан. Сонымен қатар, көрмеде қолөнерге бейімі бар ерекше жандардың 95 туындысы көпшілік назарына ұсынылды.

Ербол ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Мүмкіндігі шектеулі жандар дейміз ғой. Бірақ, олардың өмірге деген көзқарасы, жігері мен талпынысы талайымызға үлгі боларлық. Бүгінде мемлекет, облыс әкімдігі тарапынан да осындай азаматтарға жан-жақты қолдау көрсетіліп келеді. Жыл сайын арнайы мәдени және әлеуметтік іс-шаралар өткізіліп, тарту-таралғы үлестіріледі. Соның жарқын мысалы – дәстүрге айналған «Жан шуағы» фестивалі. Бұл фестиваль тек өнер додасы ғана емес, көңіл мен шабыттың мерекесіне айналғалы жашан?! Қалам мен қағазға жақын жандар өз туындыларын көпшілікке ұсынды. Ал, ән мен өнерге бейімі барлары сахна төрінде өз қабілеттерін паш етті.

Фестиваль аясында ұйымдастырылған көрмеге Қарқаралы аудандық арнайы қызметтер көрсету орталығының еңбек нұсқаушысы Мақсат Сәтбек алты шәкіртін алып келіпті. Өнерге бейім жастардың он туындысы көпшілік назарына ұсынылды. Солардың ішінде ерекше көзге түскені – Назар Кулик есімді шәкіртінің туындысы. Ол ағашты күйдіру әдісі арқылы жолбарысты бейнелеген.



Ал, туынды авторы болса:

– Жетекшім Мақсат компьютердің көмегімен бейнені қағазға шығарып берді. Содан кейін фанерге үлгісін түсірдік. Кейін сол сызба бойынша бейнені күйдіріп салдым. Шамалы боядық. Бұл жұмысты аяқтауға жарты күнім кетті. Бір қарағанда оңай көрінгенімен, мұндай іс ұқыптылық пен төзімділікті талап етеді. Өзім бос уақытымда ағаштан түрлі мүсіндер жасаумен айналысамын. Қолым қалт етсе, Мақсат жетек-

шімнің шеберханасына барып, осындай жұмыстарды істеймін. Бұған дейін де бірнеше туынды жасап шықтым. Барлығы өз еңбегім мен ұстазымның бағыт-бағдары арқылы дүниеге келді, – деді Назар Кулик.

Саран қаласындағы Арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету орталығында бүгінде 500-ден астам тәрбиеленуші бар. Солардың ішінде қолөнерге ерекше бейім, еңбеккер жандар да аз емес. Олардың арасында өз қолымен мата

тігіп, ағаштан бұйым жасайтын жандар да бар. Бүгінде осы көрмеге орталықтың еңбекке бейім тоғыз тәрбиеленушісінің тоғыз туындысы қойылыпты. Оларды еңбекке баулып жүрген жандардың бірі – орталықтың еңбек тәрбиесі бойынша нұсқаушы Жанна Ашилова. Өзі шәкірттерінің әр туындысының артында еңбек пен табандылықтың жатқанын айтады.

– Бізде еңбек пәнінен үш мұғалім сабақ береді. Оның екеуі ұлдарға өткізеді. Оларға ағашпен жұмыс жасауды үйретеді. Ал, біз кесте тоқып, түрлі ойыншықтар пішеміз. Бұл көрмеге өзіміздің төл шәкіртім – Маржан Уахитованың туындысын алып келдім. Ол еңбек сабағына ерекше қызығушылықпен қатысады. Сол ынтасы мен тиянақтылығы үшін осы көрмеге оның еңбегін ұсындым, – деді Жанна Ашилова.

Маржанның көрмеге қойылған туындысының бірі – қазақтың киіз үйінің шағын үлгісі. Шәкірті бұл жұмысты нұсқаушысымен бірге жасаған. Әуелі киізден үйдің пішінін жасап алып, кейін оны түрлі ою-өрнекпен безендірген. Бұл туындыны жасауға тұтас бір күндік жұмыс уақытын арнапты.

Бұл фестиваль мүмкіндігі шектеулі жандардың өмірге деген құлшынысын, өнерге деген сүйіспеншілігін айқындайтын ерекше алаңға айналған. Осындай игі бастамалар бұл жандардың өмірге деген сүйіспеншілігін қайта оятауына көз жеткізді.

Суреттерді түсірген
Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

• СУ СПОРТЫ

Олжалы оралды

